



TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//5 ШІЛДЕ 2018 ЖЫЛ

→ KAZAKHSTAN GLOBAL INVESTMENT ROUNDTABLE

ӘЛЕУЕТТІ ИНВЕСТОРЛАР АРҚА ТӨСІНДЕ БАС ҚОСТЫ

Жаңа буынның қаржы орталығы –
АХҚО инвесторларға бірегей мүмкіндіктер ұсынады

Шілденің алғашқы жұмысында жаһан назары жаңғырған Қазақстанның жарқын символы, Арқа төсіндегі ажары асқан әсем шаһар – Астана қаласына ауды. Әлемлік маңызға ие халықаралық жиындар мен алқап басқосулар алаңына айналған Есіл бойында дүниежүзі құлақ түріп, көз тіккен айтулы оқиғалар – Kazakhstan Global Investment Roundtable екінші форумы, АХҚО-ның ресми тұсаукесері және соған орайластырылған Astana Finance Days халықаралық қаржы форумы өтті. Аталған шараларға мемлекет басшылары, Нобель және Пулитцер сыйлықтарының иегерлері, ірі компаниялардың, халықаралық қаржы институттарының жетекшілері, саясаткерлер мен сарапшылар қатысып, қырыққа тарта елден келген жүздеген спикер экономика, қаржы, экология және ақпараттық технологиялар саласындағы өзекті мәселелер туралы ойларын ортаға салды.

РЫМТАЙ САҒЫНБЕКОВА

Жер шарының 40 елінен келген бес жүзден астам ірі кәсіпкер мен инвесторлардың қатысуымен өткен екінші Kazakhstan Global Investment Roundtable форумының мақсаты – Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктерін таныстыру, еліміздің инвестициялар, экономикалық даму және бәсекеге қабілеттілікті арттыру саласындағы саясатын талқылау. Экономикаға шетел инвестициясын тарту мәселелері арналған жаһандық форумның «Қазақстан жаңа сын-



тегеуірлерді қарсы алады» атты пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде премьер-министр Б.Сағынтаев инвестициялық ахуалды жақсарту, инвесторлармен ашық диалог орнату, инвестициялар тарту үшін инфрақұрылымды жетілдіру – үкімет жұмысының стратегиялық бағыты және елімізде жүргізіліп жатқан жаңғырту бағытының табыстылығын быны маңызды шарттарының бірі екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы өткен жылы Төртінші өнеркәсіптік

революция жағдайында экономикалық өсім сапасын қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстанның жаңғыруының үшінші толқынын жариялады. Қазір барлық бағытта бойынша атқарылып жатқан жұмыстың алғашқы нәтижелері де бар. 2017 жылы экономикалық өсім 4%-ті құрды. Өсімнің 2/3 жуығы шикізаттық емес секторлардың үлесіне келді. Бұл ел экономикасы шикізаттық емес секторларға көбірек арқа сүйей бастады дегенді білдіреді. Doing Business рейтингінде 2017

жылы Қазақстан 36-шы орынды иеленді. 6 индикатор бойынша позициялар жақсарды. Миноритарлық инвесторларды қорғау бойынша еліміз 1-ші орында. Бытыр тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағымы \$20,8 млрд құрды. Оның төрттен бір бөлігі өңдеу өнеркәсібіне бағытталды (\$5,2 млрд), бұл 2016 жылдан 27%-ке жоғары. Жалпы шикізаттық емес секторға барлық шетелдік инвестициялардың 50%-ке жуығы бағытталған. Оң динамика бұл да сақталып отыр. Өткен 5 айда

ірі инвесторлармен 69 жаңа жоба бойынша келісімдер жасалды. Жалпы сомасы \$27,7 млрд құрайтын 51 жобаны қамтыған Қазақстан-Қытай ынтымақтастық бағдарламасы сәтті іске асырылды. Биыл жалпы сомасы \$3,9 млрд болатын 54 жоба аяқталды. Осының бәрі – еліміздегі қолайлы инвестициялық ахуалды және Қазақстанның сенімді іскер әріптес ретіндегі жоғары беделін көрсететін ірі инвестициялық жобалар.

> [4]

Бет қатталып жатқанда

► **Мемлекет басшысы**

Нұрсұлтан Назарбаев валюталық реттеуді және бақылауды жетілдіруге бағытталған «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» заңға қол қойды.

► **Қазақстан Президенті**

«Оңірлердің Астанаға тартуы» жобасы аясында Батыс Қазақстан облысы салған «Ақжайық» салбағын аралап көрді. Елбасы шара барысында Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

► **Мемлекет басшысы**

жазғы және қысқы паралимпиялық спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалар мен спорттық резервті сапалы әрі кәсіби дайындау үшін салынған ордандық жаңа бірегей спорт кешенімен танысты.

► **Мемлекеттік хатшы**

Гүлшара Әбдіқалықова «Астана» халықаралық қаржы орталығының құрықтық мәселелер жөніндегі конференциясына қатысты.

► **Мемлекетаралық банк**

пен АХҚО өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

► **Түркістан қаласының**

облыс орталығы болуына орай 300 аса заманға «Жастар практикасы» бағдарламасы арқылы жұмыс ұсынылып отыр. Оған облыстық бюджеттен арнайы қаржы бөлінеді.

► **Астана күні**

қарсаңында Ақтөбе облысы, Хромтау ауданының Доң ауылында 600 орандық мектеп пайдалануға берілді.

Индексдері			
KASE	2404.8	0.44%	↑
FTSE 100	7593.3	0.60%	↑
MSCI World	2082.1	-0.00%	
S&P 500	2713.2	-0.49%	↓
Dow Jones	24174.8	-0.54%	↓
Russel 2000	1660	0.32%	↑
Russel 3000	1618	-0.39%	↓
03 Шілде 2018			
Тауарлар			
Мұнай	77.8	0.60%	↑
Мыс	6498.3	-0.58%	↓
Қорғасын	2391.3	0.22%	↑
Мырыш	2825.3	-1.15%	↓
Никель	14368.5	-0.78%	↓
Алюминий	2105.5	-1.15%	↓
Уран	22.95	0.66%	↑
03 Шілде 2018			
Валюта нарықтары			
USDKZT	342.99	0.35%	↑
EURKZT	399.88	0.51%	↑
USD RUB	63.131	-0.45%	↓
USDUAH	26.3	-0.05%	↓
USD BVR	19915	0.00%	
EURUSD	1.1658	0.16%	↑
GBPUSD	1.3193	0.38%	↑
03 Шілде 2018			

→ **БЕС ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМА**

«7-20-25»: Несие беру басталды



Сонымен, халық көптен күткен «7-20-25» бағдарламасы ресми түрде іске қосылды. Елбасының әлеуметтік бастамалары аясында жүзеге асқан жаңа бағдарлама қазақстандықтар тарапынан баспанға сұранысты арттырып, құрылысқа тың серпін бермек.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Ұлттық банктің өткізген арнайы баспасөз мәслихатында мәлімделгендей, 2 күннің ішінде баспана алу үшін 3000-ға жуық өтініш келіп түскен. Жаңа тұрғын үй бағдарламасы бойынша алғашқы ипотекалық

займдар рәсімделіп, әзірге баспана алуға ниет білдіргендер денін Алматы, Астана, Ақтау, Өскемен, және Орал қалаларының азаматтары құрауда. Сонымен бірге ипотекалық несие беретін серіктес банктер тізімі бекітіліп, оған Банк Центр-кредит, Евразия банк, АТФ банк, банк RBK, Халық банк, Цеснабанк, Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі кіріп отыр. Ал жыл соңына дейін Сбербанк және Форте банк азаматтары ипотекалық несие береті деп жоспарланды.

Қазіргі сәтте қарыз беру үшін арнайы «Баспана» ипотекалық ұйымы құрылған. Айта кету керек, бағдарлама шарттары барлық азаматтарға бірдей, жеңілдіктер қарастырылмаған. Яғни, жұмыс істейтін, алайда баспанасы жоқ кез келген азаматтардың осы бағдарлама арқылы пәтер алуға мүмкіндіктері бар. Ұлттық банк бекіткен бағдарлама бойынша ипотекалық қарыздар 7% жылдық мөлшерлеменен 25 жылға беріледі. Келесі

шарттардың бірі – алғашқы салым 20% болмақ. Жаңа ипотекалық займдары бағдарлама бойынша Қазақстанның кез-келген өңірінен Алматы, Астана, Атырау қалаларынан ең максималды 25 млн тенгеге, қалған өңірлерде 15 млн тенгеге баспана сатып алуға болады. Нысаналы индикаторларға сәйкес ипотекалық кредиттердің жалпы көлемі 1 триллион теңгені құрайды.

Әрбір отбасына баспана алу үшін бағдарламаның негізгі өлшемдері өзгеріссіз қалады. «7-20-25» ипотекалық бағдарламасы бойынша пәтер алу үшін әлеуетті қарыз алушы банкке еңбек немесе кәсіпкерлік қызметтен кірісінің болуын растайтын құжаттарды, ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша өтелмеген берешегінің болмауы туралы мәліметті, тұрғын үйінің болмауы туралы анықтаманы, сатып алатын тұрғын үй құжаттарын және тәуелсіз бағалаушының бағасын ұсынуы қажет.

→ **ТҰРАҚТЫ ДАМУ**



Үзіліссіз энергияға қол жетті

«Түрксіб» қосалқы станциясы іске қосылды Алматыны үзіліссіз, орнықты электрмен қамтамасыз ету үшін осыдан он жыл бұрын бастау алған бағдарлама өзін тиісті мәресіне жеткендей. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімовтің басшылығымен қалаың Түрксіб ауданында іске қосылған жабық пішіндегі қосалқы станция шаһарды электрмен жабдықтау мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік берді.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Тұрғындары 1,7 миллионнан асып жығылатын іргелі қала Алматы еліміздің маңызды қаржы және экономикалық орталығы болып табылады. Алып шаһардың мемлекет қазынасына қосатын кірісі де қомақты.

> [5]



БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

► Елбасы және ел мұраты

Ұлттық бірегейліктің ұлы нышаны

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Мемлекеттік туды көтеру салтанатты рәсіміне қатысты. Елбасы шараға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Мемлекеттік тудың дәстүрлі түрде Астана күні қарсаңында көтерілуі осы жалпыұлттық мерекенің мәртебесін асқақтата түсетінін атап өтті.



Мемлекет басшысы Қазақстанның аспан түстес көк туы Астананың қалыптасуы мен бүкіл еліміздің даму жолын айқындайтынын айтты. «Батыр бабаларымыз біздің зор жеңістерге жетугімізді тілеп, әрдайым туың күстауды өсиет етті. Содан бері біз барлық жетістікке көк байрақтың астында қол жеткізіп келеміз. «Қазақстан, Тәуелсіздік, Астана» деген үш сөз біздің мемлекеттігімізбен, болашағымызбен біртұтас ұғымға айналды. Қазақстан – біздің жалғыз Отанымыз, Тәуелсіздік – орындаланған арманымыз. Әлем елдері туларының

ешқайсына ұқсайтын көк туымызды дүниежүзі мойындады, – деді Мемлекет басшысы. Мемлекет басшысы еліміздің сыртқы саясатының бейбітшілігіне сипатпен атап өтіп, Қазақстанның Қарулы Күштері үшін әскери қалдрлары сапалы дайындауды маңыздылығын айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев жас офицерлерге арнаған сөзінде Мемлекеттік туға зор құрмет көрсетуі Отанды сүйемен бара-бар екенін атап өтті. Бұл қазақстандық патри-

тизм құндылықтарын және еліміздегі ұлттық бірегейлікті нығайта түседі.

Салтанатты рәсім барысында Қазақстан Президенті – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Бас қолбасшысының қолынан еліміздің жоғары әскери оқу орындарының 12 үздік түлегі Қарулы Күштердің офицерлік шеңберін алды.

Сонында Нұрсұлтан Назарбаев барша жұртты Астананың 20 жылдығымен құттықтап, Қазақстан халқына бақ-береке тіледі.

► Іскерлік орта

Әйелдер – бизнес белсенділері

«Атамекен» алаңында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықованың жетекшілігімен Ұлттық палата Іскер әйелдер кеңесінің өкілдері мен Біріккен Араб Әмірліктері, Египет және Грузия іскер әйелдер делегациясының кездесуі өтті.

Егемендік алған алғашқы күннен бастап мемлекетіміз әйелдерді қолдау мәселесіне айрықша назар аударып келеді. Қазақстанда БҰҰ-ның Атқарушы кеңесіне таңдалуы және гендерлік тендік пен әйелдер мүмкіндігін ұлғайту бойынша даму стра-

тегиясына қол қоюнан әлемде қазақстандық гендерлік саясатының табыстылығын мойындауды көре аламыз, – деп атап өтті ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның төрайымы Гүлшара Әбдіқалықова.

Мемлекеттік хатшы елімізде экономикалық дамуға қатысты қарқынды жұмыс атқарылып отырғанына баса назар аударды. Қазақстанда әйелдердің шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысуына ерекше мән беріледі. Бүгінде компаниялардың 43%-

ін әйелдер басқарып, оларда жұмыс істейтіндердің басым көпшілігін қыз-келіншектер құрауда. Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлерінің 50%-інен астамы – қыз-келіншектер. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы өз кезегінде әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға жанжалды қолдау көрсетіп келеді.

Кезесу аясында іскер тараптар өз елдеріндегі тәжірибемен бөлісіп, әйелдер бизнесі қолайлы ортада дамуы керек, келешекте барлық мемлекеттің экономикасына бірдей қаржы пайдасын келтіретіндей болуы тиіс деген тоқтамға келді.

► Цифрлық Қазақстан

Табысты стартаптар тәжірибесі



Қазақстанның және шетелдің IT саласындағы мамандары үшін IT-стартаптардың халықаралық технопаркі – Astana Hub жобаларын дамыту мүмкіндіктері мен жұмыс шарттары таныстырылды.

Премьер-министрдің орынбасары Аскар Жұмағалиев, ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев, бизнес-бірлестіктердің өкілдері мен стартаперлер, IT-мамандар қатысты. Жиында сөз сөйлеген ақпарат және коммуникациялар министрі Хаб идеясына және стартаптердің жобаларының инвестициясына сенім білдірген инвесторларға алғыс айтты.

Жуық арада технопарктегі инфрақұрылымдары орналастырылатын ЭКСПО қалашығы павильондарының бірінде өткен айтулы шараға

Жобаның басталуымен біз Мемлекет басшысының басты тапсырмаларының бірі – Қазақстанның цифрлық шешімдерін орталығына айналдыра аламыз, – деді Д.Абаев. Шара аясында панельдік отырыс ұйымдастырылып, онда табысты стартаптардың негізін қалаушылар мен жетекші халықаралық сарапшылар стартаптарды құрудағы және инновациялық экожүйені дамытудағы жеке тәжірибелерін бөлісті.

Таныстырылым соңында жыл сайынғы «Еуразиялық цифрлық алаң» инновациялық жобалары халықаралық байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі болып өтті. Сондай-ақ технопарк сахнасында робототехника бойынша оқушылар арасындағы республикалық байқаудың финалистері марапатталды.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР

ДАРХАН КӘЛІТАЕВ

ҚР қоғамдық даму министрі болып тағайындалды

АЗАМАТ АХМЕТОВ

ҚР Қаржы министрілігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің басшысы болып тағайындалды

ӘЛИМҰХАММЕД ҚҰТТЫМҰРАТҰЛЫ

Атырау қаласының әкімі болып тағайындалды

► ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Премьер-министр Бакытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту бағдарламасын іске асыру барысы және қаржы секторын цифрландырудың кейбір мәселелері талқыланды.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Күн тәртібіндегі мәселелерді қарау алдында Премьер-министр Бакытжан Сағынтаев жиналғандарды Астананың 20 жылдығымен құттықтады.

– Астана күні – бір қаланы ғана мейрамы емес, бүкіл ел болып атап өтетін жалпыхалықтық мереке. Себебі, Қазақ Елінің тәуелсіз мемлекет ретінде орнығуы, сынақтардан сүрінбей өтіп, дамуың даңғұл жолына түсуі, бәрі еліміздің бас орасымен тығыз байланысты. Ел бола аламыз ба, әлде заманың алапат желіне ұшып жоғаламыз ба деген тағдырлы сәтте халықты биік мақсатқа жұмылдырып, болашаққа бастаған Астана – жаңғырған, жаңа Қазақстанның жарқын символы. Ол – кәсіпкерлік Тәуелсіздігіміздің ұлы туымыз, Алаш жұртының айбары, Елбасымыздың төл перзенті. Басында өзге түгеліміз күменмен қараған қасиет жобасы Елбасының саяси көрегендігі мен ерік-жігерінің арқасында табысты жүзеге асып, небәрі 20 жылда Арқа төрінде ғажайып қала бой көтерді. Халқымыздың мән-жайды талайлы таңдауы мен асқан армандарынан нәр алып, сайын далалда сәмбі талдай бүр жарған бас орамды аз уақытта ел тіргі – алып бәйтерекке айналды. Астана – терең тарихтан тамыр тартқан даңқты өктемсізді бүкіл әлем тандай қакқан бүгінгі биіктігімізбен және жаһандық нарықта бәсекелік қабілеті жоғары, Мәңгілік Ел болар келешегімізбен жайнаптын Елдігіміздің алтын арқауы, – деді Б.Сағынтаев.

Үкімет басшысы Елорда Қазақстанның барлық өңірлерінің басты қозғаушы күші болып, аймақтардың дамуына қуатты серпіні беретінін атап өтті. – Әлемлік деңгейдегі бастамалар мен іс-шаралар Астананы жаһандық оқиғалардың ордасы ретінде паш етті. Осының бәрі – кен байтақ Ұлы Даланың төрінде Ұлы мемлекет құрған Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың дара басшылығы мен шексіз енебінің жемісі, – деді Үкімет басшысы өзінің құттыққа сөзінде.

Отырыста «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму мемлекеттік бағдарламасын 6 айдағы іске асыру қорытындылары қаралып, одан арғы жұмыстың түзетілетін жобасы қаралды. Ұлттық экономика министрі Т.Сүлейменов былай оны іске асыру үшін барлық қаржы көздерінен 829,5 млрд теңге қарастырылғанын айтты. Бүгінде деін оның 167,1 млрд теңгесі, яғни шамамен 21%-і игерілген. Елбасы Жолдауының

жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 13-тармағына сәйкес, министрлік тиісті Каулы жобасын әзірледі. Жобаның транзит көлігінен түскен кірістерді 4 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайту және транзиттік контейнерлік тасымалдау көлемін 1,2 млн ЖФБ-ға (жырма фунттық баламаға) дейін арттыру туралы тиісті өзгерістер мен толықтырулар қарастырылды. Мұнымен қоса, транзиттік әуе жолаушыларының санын 1,6 млн адамға, ал аймақтық әуе желілерімен жолаушылар санын 170 мыңға дейін арттыру жоспарланды. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін тауарларды транзиттеуге, көлік дәліздерін құру мен жаңғыртуға,

салықты қате төлеу жағдайлары үш есеге азайып, бұл негізсіз өсімді сепестеуді болдырмауға ықпал еткен. Бұдан бөлек, салық төлеушінің өтінішіне бір салықтан басқа салыққа автоматты түрде есепке жатқазу мүмкіндігі пайда болған.

Бүгінде қаржы секторы цифрлық технологиялар белсенді қолданылатын жетекші салалардың бірі. Ұлттық банк төрағасы Д.Ақышев Қазақстанның барлық дерлік банктерінде мобильді банкінг жүйесі енгізілгенін атап айтты. Мобильді банкінг қызметтерін банктердің 60% (20 ЕДБ) ұсынады, олар банктердің барлық клиенттік базасының шамамен 90%-іне қызмет көрсетеді. Бұл жүйелерде шамамен 10

Міндет толығып, меже сараланды



көлік инфрақұрылымын басқаруға қызмет көрсету деңгейін көтеруге және әкімшілік қедергерлерді жоюға бағытталған шаралар көзделген. Жоба Астана және Алматы қалаларының облыстар әкімдіктерімен және мүдделі мемлекеттік органдармен келісілді.

Қаржы секторын цифрландыру мәселесі жөнінде баяндаған В.Сұлтановтың айтуынша, өткен жылы министрлік 18 мнн көрсетілетін қызметтен шамамен 16 миллионын немесе 88%-ін электрондық түрде берген. Ағымдағы жылдың соңына дейін 6 мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру, 25 мемлекеттік қызмет бойынша көрсету мерзімін және ұсынылатын құжаттар тізбесін қысқарту жоспарланды. Сонымен қатар Электрондық салықтық декларацияларды веб-порталға және Электрондық үкімет мобильдік қосымшасына ауауру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Орталықтандырылған бірегейлендірілген дербес шот» жүйесінің енгізілуімен салық берешегі бар-жоғы туралы анықтама беру бойынша қызмет көрсету уақыты үш күннен бірнеше минутқа дейін қысқарған. Қаржы министрінің айтуынша, дербес шоттарды орталықтандырудың арқасында

мән пайдаланушы тіркелген, олардың ішінде 30%-і тұрақты түрде операциялар жүргізеді.

Ақпарат және коммуникациялар министрі Д.Абаев екінің деңгейлі банктердің ақпараттық жүйелерін мемлекеттік деректер қорымен және ақпараттық жүйелермен байланыстыру мәселелеріне тоқталды. Министр «Мемлекеттік несиелік АҚ сәйкестік нөмірлерінің ұлттық тізімінен ақпарат алушылар тізіміне енгізу бойынша «Ұлттық сәйкестік нөмірлері тізімі туралы» заңға, сонымен қатар «Мемлекеттік несиелік борыс» АҚ мемлекеттік органдардан немесе оларға байынғышты ұйымдардан мемлекеттік деректер қоры нелерімен келісіміге келу арқылы ақпарат алу тәртібін айқындауға қатысты «Несие борыс» және несиелік тарихын жасау туралы» заңға тиісті түзетулер енгізілгенін атап өтті. Қазіргі кезде түзеулер Мемлекет басшысының қол қойында жа-тыр. Аталған мәселе тек мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің ЕДБ қолжетімділігін қамтамасыз ететіндіктен, Д.Абаев ЕДБ деректерін мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне (Bank2Gov) ұсыну қажеттігін айтты.

► УАҚЫТ АҒЫМЫНДАҒЫ БІР СӘТ: БАС ҚАЛАНЫҢ КЕШЕГІСІ ЖӘНЕ БҮГІНГІСІ



Жоғарғы суретте: Қазіргі Астана қаласындағы «Москва» бизнес орталығы

Төменгі суретте: Целиноград (қазіргі Астана) қаласындағы «Москва» қонақ үйі, 1973 жыл.



БИЗНЕС&ҚОҒАМ

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ

Қаржы алпауыттарымен әріптес

«Астана» халықаралық қаржы орталығы бүгін, яғни 5 шілдеде ресми түрде ашылып, жұмысын бастады. Осы дүйсенбіде «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХКО) қазіргі өзінде 50-ден астам компаниялар тіркелгенін жария етті.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

АХКО басшысы Қайрат Келіметов Үкіметтегі баспасөз мәслихатында осылай деп мәлімдеді. 2020 жылға дейін орталықта 500-ден астам компания тіркелуге ынта білдірген.

Үкіметтегі мәслихат барысында Қ.Келіметовтың басқа да әріптестері осы кезең аралығында бірнеше компаниялардың тіркеліп үлгергенін тізбелеп берді. АХКО Astana International Exchange биржасы басқармасы төрағасының орынбасары Әмина Түрғұлованың айтуынша, ірі қазақстандық брокерлердің бәрі тіркелуді рәсімдеуден өткен немесе өтіп жатыр екен.

— Бұлардың алғашқы үшеуі — Sky Bridge, «Снежа капитал, Centras securities компаниялары. Олардан басқа CICC (China International Capital Corporation — Қытай халықаралық капитал корпорациясы — рел) сияқты аса ірі қытайлық брокерлер, сонымен қатар басқа да бірқатар қытайлық компаниялар бар. Лондондық Wood компаниясымен және де басқа, өз құжаттарын тіркеуге өткізген компаниялармен, капиталдары дамыту форумында танымал алаштылар, — дейді Әмина Түрғұлова.

— Хештерізі — криптобиржадағы асқан ірі біржалық тұғырғана тіркелді, сондай-ақ Paycent компа-



ниясы — бұл жана төлем құралдары, ол да тіркеуден өтті. Бұлардың қатарында тайландтық, штрих-кодтар арқылы жана ақша аударымдарын қамтамасыз ететін — Fusion компаниясы да бар, — делі «АХКО» өкімшілігі АҚ сандық технологиялар жөніндегі директоры Әсел Жанасова.

Қайрат Келіметов Қытай мемлекеттік даму банкінің еншілес кәсіпорны қытайлық қаржылық институттардың ішінде бірінші болып АХКО-ға жұмыс істеуге жол ашқанына қуанышты екенін айтты. Ол Банк of China, ICBC, China construction bank сияқты аса ірі әлемдік банктердің облигацияларды толығымен, АХКО заңдық құрамына шенберінде іскерлік орнату мүмкіндіктерін зерделіп жатқанын атап көрсетті.

— Өздеріңіз білесіздер, Bank of China, ICBC қазір Қазақстанда жұмыс істеп жатыр және Астанада өз өкілдіктерін ашты. Айта кету керек, Қытай дауа банкі — өте ірі әлемдік банк, ол тіпті Дүниежүзілік банктен де үлкен. Бұдан басқа біз барлық, Дүниежүзілік банк, ХВК, ЕКДБ,

АДБ, Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі, ШЫҰ елдерінің Жандаму банкі сияқты көптарпапты қаржылық институттармен бірге қызметтесті. Бұлардың бәрі АХКО-ның стратегиялық әріптестері болып табылады, — деп атап айтты Қ.Келіметов.

Журналистер «Астана» халықаралық қаржы орталығы басшысынан «ЭКСПО — 2017» көрмесі өткізіліп, қаржы орталығына берілуі тиіс ғимараттардың кімге тиесілі екенін де қазалап сұрастырды. Ал қазір АХКО қызметкерлері Астанада кенсе-жайларын жалға пайдаланады.

— Бұл ғимараттар (ЭКСПО — 2017 аумағындағы — ред.) мемлекеттің меншігінде. Иә, ЭКСПО базасында АХКО жұмыс істейтін деп айтылған болатын, сонымен бірге ЭКСПО шеңберінде БҰҰ негізінде Халықаралық жасыл технологиялар орталығы және халықаралық ІТ стартап-хабы да жұмыс істейтін айтылған. Егер ЭКСПО-ны елестетсеңіз: қан ортадағы шар — бұл музей, ЭКСПО құндылығы, оны

қоршай орналасқан төрт үлкен павильонның екеуі халықаралық ІТ стартап-хабына көбірек қызмет етсе, енді екеуі жасыл технологиялар үшін жұмыс істемек. Ал, Mega Silk Way кешеніне жақын арақ орналасқандарына, бәлкім, АХКО-ның барлық бөлімдері, біз бірлесіп іс-қимыл танытуға шақырып отырған компаниялардың бәрі қоныстанатын сияқты, — деп атап айтты Қайрат Келіметов.

Ол атап өткендей, ЭКСПО көрмесінің барлық қатысушыларына келісім бойынша өз павильондарын 1 қантарға дейін жинастырып алуға уақыт берілді.

— Бұл павильондардың бәрі де анағрық жайлар. Қазір біз соларды А сыныпты офистерге айналдырумен айналысудамыз. Олар тек жас офистер ғана емес, барлық қандағтарға сәйкес, соның ішінде тұрақты дамуға да сай, А сыныбына стандартталған жайларға айналдырылуы тиіс, — деп атап көрсетті АХКО басшысы.

Биылғы жылдың желтоқсанынан бастап, қажетті жұмыстарды атқарып біткесін ғана, АХКО өз павильондарының шыншай несі болды. Сондықтан да қазірше қаржылық орталық қызметкерлері жұмыс жайларын жалға пайдаланып отыр.

Айта кетейік, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Астана» халықаралық қаржы орталығын құру туралы жарлыққа 2015 жылы қол қойды. Елбасы АХКО бүкіл Орталықазиялық аймақтың қаржылық хабына айналатынын және оның жұмысының ағылшындық құқыққа негізделетінін, жеңілдетілген салықтық тәртіптемеде жұмыс істейтінін және тәуелсіз қаржылық сотқа жүгінетінін атап көрсетті.

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ

НЕЗАВИСИМАЯ

Қазақстан Ресейді Орталық Азиядан ығыстыруда

Қазақстан үшін Орталық Азия елдерінің мұнай өнімдері нарығында Ресеймен қарсылық мүмкіндігі бар, дейді ресейлік «Независимая газета» өзінiң <http://www.ng.ru> сайтында. Астана күзден бастап Қырғызстан, Өзбекстан мен Тәжікстанға жағармай жеткізе бастайды және келесі жылдан экспорт көлемін 1-2 млн тоннаға дейін жеткізуді көздеп отыр.

Осы мақсатта Астана бұдан бұрын Қазақстанға жағармайды экспорттауға тыйым салған келісімді Мәскеумен реттеуе тура келеді. Сонымен қатар Қазақстан ресейлік мұнай өнімдерін импорттауға шектеу қоймақшы.

Қазіргі уақытта Қазақстан үшін мұнай өңдеу зауыттары (МӨЗ) жанартауға 6 млрд доллардан астам шығындаған. Енді, энергетика министрі Қанат Бозымбаевтың мәлімдеуінше, бұл қуат көздері жұмыс істей бастауы шарт. Мамандардың болжамына сәйкес, Қазақстан мұнай өнімдерімен өзі толтықтай қамтамасыз етуі қажет, ал артылғанын көрші елдерге экспорттай алады, деп жазады ресейлік басылм.

Forbes

Германиядан — Қазақстан арқылы Қытайға

Өткен айда Германиядан Дуйсбург — Бейжің бағытындағы Blue container поезды жолға шыққан болатын. 180 күн ішінде Ұлы Жібек жолы бойындағы елдерді басып өтетін көлік керуенінің бағдарламасы мен миссиясы қандай?

Астана «Көгілдір контейнер» атағанды темір жол құрамын қай кезде қарсы алады, жалпы бұл жолау Қазақстан үшін, Жібек жолын жандандыру үшін не береді? Еуропа мен Азия арасындағы халықаралық тасымал туралы және еліміздің транзиттік мүмкіндігі жайында Қазақстандық Германиядағы төтенше және өкілетті елшісі Болат Нұсіпов бұл туралы www.forbes.com сайтында жан-жақты әңгімелейді.

— Сапар барысында пойыз қатысушы елдердің астаналарында 10 күндік аялдамалар жасап, мәдени және экономикалық іс-шаралар өткізуді жоспарлап отыр. «Көгілдір контейнер» поезды жобасы Жана Жібек жолы өтетін 11 елдің (Германия, Австрия, Италия, Швейцария, Греция, Түркия, Иран, Түркменстан, Өзбекстан, Қазақстан, Қытай) қатысуын көздейді. Сапар 6 айға жалғасады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, атаған контейнерлік поезд 2018 жылдың қараша айында Қытай астанасы — Бейжіңге жетеді деп жоспарланған, — дейді Б.Нұсіпов.



«Бизон» өз офисін Астанада ашпақ

Клиеркауіпесіздік саласында жұмыс істейтін ресейлік «Сбербанк» АҚ еншілес компаниясы «Астана» халықаралық қаржы орталығында өз офисін ашады, деп мәлімдеді АҚ басқармасының басшысы Герман Грегф.



— Қазір күрделі мәселеге айналған клиеркауіпесіздікпен айналысатын біздің «Бизон» («Безопасная информационная зона» — Қауіпсіз ақпараттық аймақ) еншілес компаниямыз қазақстандық нарықта белсенді жұмыс істеп жатыр, сіздердегі «Транслетком» компаниясымен әріптестік қимыл танытуда. Осы қырқыеке АХКО-да өз офисімізді ашпақшымыз, қазір осында орналасуға байланысты ұйымдастыру жұмыстары қызу жүргізілуде, — дейді Г. Грегф.

Багыр РАХМЕТУЛЛИН

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН

Табиғи өнім өндірісі сақталып, жаңа технологиялар игерілуде

Ақ Жайық өңіріндегі іргелі сүт өңдеуші «Береке» ЖШС-сы нарықтық талаптарына сай техникасын, технологиясын жануар жұмыстарын табысты жүргізуде. Екі ғимаратына да қайта жөндеу жұмыстары басталған. Жаңа технологияларын енгізілуден оңалта шығаратын өнімдер түрлері молаю түсті. Бүгінде атамашы заумт 30 шақты сүт өнімдерінің түрлерін өндіреді.

ГУЛБАРШЫН ӘЖІГЕРЕЕВА

Кәсіпорын басшылығы шикізаттан тарықпаш үшін шаруашылықтары дамытуға мән-мағын беріп отыр. Зелено ауданындағы Володарка ауылында өткізілген 200 ірі кара бағылуға. Биылдан бастап сүт бағытындағы аналық мал ұстау жоспарланып, мал азығын дайындауға 450 гектар жер телімі алынды. Кәсіпорын өткенде бағытын екінші кезекке қалдырып, сүт өңдеу бағытына басымдық беруге қамқарлық жасады. Өйткені өндіріс оны шикізаттан тартып, тек жергілікті шикізат ғана нект артыс, сүт өнімдерін өндірудің қиына соғатынын жақсы сезінді. Сондықтан белгілі көлемде жергілікті өнімді сүттен және басқа да сүт өнімдерін шығаруға пайдаланылатын шикізаттармен жұмыстануды көздеді.

Еуразиялық одақ шеңберінде Ақ Жайық өңірінде де сырттан сүт өнімдері қол тасымалданады. Қатан нарықтық бәсекеестік жағдайында жергілікті өндірісі «Береке» техника, технология жағынан қойшаң қоймай ма деген сұрағымызды серіктестік директоры Қымбатбек Айдаровқа төтенсінен қойдық.

— Тұтынушы жергілікті сүт өнімдерінің қандай техника, технологиямен шығарылатынын білмеуі ықтимал, бірақ заманауи тех-

нологиямен өндірілген жергілікті өнімдерді көргісі келетіні заңды. Әрине, бұл жағынан әзірге мақтана алмаймыз. Өйткені күні кешеге дейін біз өндірісін ретінде табиғи өнімдерімізді, соның технологиясын, сапасын сақтап, жоғалтпау бағытын ұстандық. Міне, сол мақсатымызды орындадық. Түсіне білген адамға, бұл — біздің қол жеткізген тұрақты деңгейіміз. «Берекенің» өнімдері бұрынғысына адам ағзасына пайдалы қасиеттерін сақтап қалды. Бірақ бәсекеден аты бәсеке. Сауда орындарындағы сөрелерге жайғасқан өнімдерде кәсіпорынның үлесі сондықтан да азылу шығар. Қазіргі уақытта өнімдеріміз өзіміздің дүкендерде, базарларда және «Суровский», «Лидер», «Бөйтерек» сынды ірі сауда орындарында табиғи өнім ретінде ұсынылуда. «Берекенің» сүт өнімдері табиғи болғандықтан, өзінің қасиетіне сай негізінен 3-5 күнге бұзылып сақталады. Алайда нарықтан сұранысты ескере отырып, екінші кезекте таза табиғи мен қоспасы бар өнімдерді шығаруға бет бұрудамыз. Ондай өнімдердің сақталу мерзімі — бір ай ғана. Алайда сақталу мерзімі алты айға шыдайтын қоспасы көбірек өнімдерді шығаруға моральдық тұрғыдан тартындық. Бүгінде 30 күнге дейін сақталатын жана өнім ірішпіншік 100, 200, 400, 500 граммдық қалыбырағы жаңа түрлері («Янтарный», «Дружба», «Астана» деп аталады) шығарылуда. Ірішпіншік алты айға, бір жылға дейін бұзылмайтын түрлерін шығаруға болады. Алайда өнімдерімізді әлсіз асықталамаймыз. Өндіретін тұтынушыға күнбе-күн өндіріп, бағын түрінде ұсынамыз. Қазір 100 граммдық ірішпіншік тұтынушыға ұсындық, өнім өткізуде еш түйткіл жоқ, — делі Қымбатбек Қадырұлы.

Кәсіпорын басшысының айтуынша, Ресейдің технологиясының Франция, Италия сияқты дамыған елдердің технологиясынан еш кемдігі жоқ. Қоғамда аял шетелдің технологиясы мықты деген жансақ түсінік қалыптасқан. Кәсіпорын 2017 жылы 400 млн. теңгеге балмұздақ жасайтын италияндық желі сатып алып, өнім шығаруда. «Италияндық» Cogig желісінің өнімділігі, ал ресейлік қондырғының техникалық деңгейі жоғары, тек өнімділігінің сәл-пәл төмендеуі екенін өндірісте салыстырып байқадық. Халқымыздың саны немістер сияқты 90 млн. ағылшындар сияқты 85 млн. емес. Сондықтан бізге өнімділігі жоғары қондырғының қажеті шамалы, — дейді тәжірибелі өндірісші.

«Береке» мұнымен тоқталып қалмай, нарықтан сұранысына орай алағы уақытта алты ай, бір жыл мерзімге дейін сақталатын сүт өнімдері түрлерін өндіріп, тұтынушыға ұсынады. Оралдық кәсіпорынның сүт өнімдері түрлерін өндіру көлемі кейбір өнім түрлерінен төмендесе, кейбір түрлері бойынша өсті. Мысалға, табиғи май, сүзбе өндірісі өсіп, сүт, қаймақ өнімдері кенестік кездегі көлемнен төмендеді. «Берекенің» өнімдері Оралға және Атырауға шығарылды. Алла Ақтау жағына өнім шығару, бірінші кезекте балмұздақпен қамту жоспарланды.

— Көріпалес елдермен салыстырғанда еліміздің экономикалық тетіктері өзек. Еліміздің жана салық заңдылығында бұрынғы салық кодексінегі ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеушілерге бағытталған негізгі бантары сақталып, кейбір өзгертілген. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеушілерге қосымша күн салығына 70% жеңілдік беру жағы сақталған. Өндірісшілердің

Сүт өңдеу кәсіпорнына жас мамандары жұмысқа қабылдау, өндіріс үрдісіне тәрбиелеу жұмыстары басшылықтан назарында. Тәжірибелі өндірісші, білікті басшы, ұлтжанды азамат Қымбатбек Қадырұлы бір жылдары ауыл-аймақты аралап, техноло мамандығына оқытуға ұл-қыз іздеп, таба алмады. Содан мектепті өте жақсы бітірген өзін екі кызын сүт өнімдері технологияна Алматыдан оқытып алды. Қазір оның тұрмыс құрған қос қызы Гүлжан Несипқалиева мен Гүлшат Қадішевәлер кәсіпорынның белді мамандары болып қалыптасты. Сонымен қатар өндірістік машықтан өтуге келіп, өздерін жақсы қырынан танытқан бір кездегі студенттер Гүлжан Жұмағожиева, Айнуір Сөрсенқалиевалар бүгінде кәсіпорында техноло қызметін мінсіз атқаруда.

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

► «АСТАНА» ХҚО

КАНДАЙ ВАЛЮТА ПАЙДАЛАНАДЫ?

«Астана» халықаралық қаржы орталығының органдары мен қатысушылары, олардың қызметкерлері салық төлемдерінен 50 жылға босатылады.

Атап айтқанда, бұл – қаржылық және қосымша қызметтерден түсетін кірістерге корпоративті табыс салығы, жеке табыс салығы, жер салығы және мүлік салығы. Бұл туралы Astana Finance Days сессиясында премьер-министр Бақытжан Сағынтаев айтты. Сондай-ақ АХҚО қатысушылары Орталық биржасының келісімшарттары мен ережелерінде қарастырылған кез келген валютаны пайдалана алады. «65 елдің азаматтары, оның ішінде ҰБДҰ барлық елдері үшін визасыз келу енгізілді. АХҚО органдарының қызметкерлері мен қатысушылары және олардың отбасы мүшелері үшін 5 жылға дейін мерзімге арнайы визалық режим қарастырылды. Көліктік қолжетімділігі кеңейтілді. Бүгінде Астана тікелей әуе қатынасы арқылы әлемнің 9 қаржы орталығымен байланысады. Адағы бір, бір жарым жыл ішінде кезек-кезекпен жаңа халықаралық рейстер ашылатын болады. Сингапур, Токио, Нью-Йорк және тағы басқалары. Осылайша, қазіргі таңда Халықаралық қаржы орталығының бірегей жұмыс тегіті құрылды», – делі от.

► OPEN API

ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗДЕСУ

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына енгізілген Қаржы саласындағы ашық платформаларды (Open API) құру бөлігінде реттеуді енгізу жобасы жүзеге асырылды.

Жоба аясында Ұлттық банк қаржы реттеушісі және екінші деңгейлі банкілердің өкілдерінен құралған жұмыс тобымен алғашқы кездесу өтті.

Кездесуде екінші деңгейлі банкітер, банкітердің клиенттері мен финтех-компаниялары секілді нарықтың қатысушылары арасындағы ықпалдасқтық мүмкін жолдары және финтех-компаниялардың деректері сақтануы жаңы мәселелер талқыланды. Сонымен қатар апаратық қауіпсіздік, жіберілетін деректердің құрылымы және API-ді енгізуден туындауы мүмкін түрәкелер жайында айтылды. Жұмыс тобының мүшелері заңды тұлғалар үшін Open API арқылы төлемдерді бастау үшін қызметті жүзеге асыру мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Жобаны іске асыру еліміздің қаржы ұйымдары мен финтех-компанияларының дамуы ынталандырады, қаржы нарығының қатысушылары мен қаржы компанияларының өзара әрекеттесу рәсімдерін жеңілдетілі, қаржылық қызметтердің географиялық қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

► MEMORANDUM

«АҚЫЛДЫ КАЛАҒА» АНАЛІЗДІН ТЕХНОЛОГИЯ

«Астана» халықаралық қаржы орталығы, Астана әкімдігі және Mastercard халықаралық төлем жүйесі елімізде «ақылды қалаға» арналған технологияларды ендіру аясында бірлесіп жұмыс жүргізбек.

Осы орайда «Astana Finance Days – 2018» форумы аясында тараптар арасында Стратегиялық серіктестік туралы меморандумға қол қойылды. Үшжақты келісімге сәйкес, тараптар қолма-қол ақшасыз экономика дамытуға және төлем технологияларын ендіруге бағытталған жобалар, атап айтқанда, «АХҚО резиденттің картасы» және «Ақылды қалаларды» дамыту саласындағы бастамалар аясында бірлесу жұмыс жүргізуді көзделі отыр.

Біз қаржы орталығының резиденттеріне жайлы әрі технологиялық жағынан озық ортаны жасап беру үшін Mastercard-пен арадағы ынтымақтастығымызды жалғастыруға қуаныштымыз. Біздің осы тәжірибеміз «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес бүкіл елімізде «ақылды қалаларды» құру үшін сәтті үлгіге айналдындығына сенімдіміз, – делі «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Келіметов.

► ЕӘК

ЖОБАЛАУ КЕҢЕСІ АСТАНАҒА КӨШПІЛІДІ

Еуразиялық экономикалық комиссияның Цифрлық бастамалары іске асыру жөніндегі жобалау кеңесі Астанаға көшіріледі.

Осы орайда Astana Finance Days сессиясында ЕӘК алқасының төрағасы Тигран Саркисян: «Еуразиялық одақ үшін АХҚО-ның қаржылық технологиялармен жұмыс бағыты перспективалы саналатындығын атап өткім келеді. Орталық базасында қаржылық технологияларды әзірлеушілерді бірлесіп шоғырландыру логикаға сыйымды әрі келбетті зор шешім болар еді. Бұған қоса, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Еуразиялық экономикалық комиссияның цифрлық жобалау кеңесін Астанаға көшіру мүмкіншілігін талқылап жатырмыз», – делі.

Бұл – қаржылық технологиялар бөлігінде, сондай-ақ Астананың ірі өнерліқ шифрлық құрапте пен қызмет орталығына айналыруда да маңызды әрі мақсатқа сай қадам.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

► KAZAKHSTAN GLOBAL INVESTMENT ROUNDTABLE

> [1]

«Үкімет мұны бағалайды және шетел инвесторлары үшін тартымды жағдайлар жасау саясатын жалғастыруға ниетті» дей келіп, премьер-министр бизнес ахуалды жақсарту бағытында қолға алынған нақты шаралар мен заңнамалық тұрғыдағы өзгертулер туралы тарқата айтып берді. Осылайша, бүгінгі таңда жалпы инвестициялық және іскерлік ахуал институционалды нығайтылды. Инвесторлар пайдалана алатын жаңа мүмкіндіктер мен басымдықтар заңды түрде бекітілді.

Елімізде АӨК, металлургия, энергетика және көлік тәрізді секторларда сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін жоғары технологиялық деңгейге дейін дамыту мақсатында машина жасау саласында жеделдетілген жаңғырту қолға алынды. Үкімет инвесторлары осы жұмысқа атсалысуға, сондай-ақ таукен металлургиясы кешені, әсіресе, түсті металлургияны өндіру және дамыту, мыс, мырыш, алтын, литий ванадий, вольфрам және фосфат шикізатын қоса алғанда, сирек кездесетін және сирек жер металдары өндірісіне инвестиция салуға шақырды.



Әлеуетті инвесторлар Арқа төсінде бас қосты

Жаңа буынның қаржы орталығы – АХҚО инвесторларға бірегей мүмкіндіктер ұсынады

Бүгінде алюминий өндірісі 3-4 шегіне жеткен Қазақстан одан арғы шектерге өтіп, әлемдік сұранысты ескеретін жоғары технологиялық және бәсекеге қабілетті өндірістерді құруға көшпте мүдделі. Сондай-ақ химия және мұнай-химия салаларына, көмірсутекті шикізатты терең өңдеу және жоғары қосылған құны бар бәсекеге қабілетті өнім шығаратын өндірісті құруға инвестиция қажет. Агроонеркәсіптік кешен, оның ішінде ең алдымен тамақ өнеркәсібіне инвестициялар салудың әлеуеті мол. Біз жаңа технологиялар базасында дәлме-дәл және суармалы егін шаруашылығын дамытуға, ауыл шаруашылығын техникасын жедел жанартуға, мал шаруашылығы дамытуға, сонымен қатар аграрлық ғылымды дамытуға мүдделіміз.

Үкімет жылдам жеткен және салалық, мемлекеттік бағдарламалар деңгейінде қолдауға не, еліміз үшін экономиканың салыстырмалы түрде жаңа секторларына инвестициялар ағымының келуін көзделі отыр. Олардың қатарында АКТ, туризм, қаржы, электронды сауда, АТ-сервистерді дамыту, BigData, венчурлық бизнес, аддитивті технологиялар, жасанды интеллект бар. Инвесторлар үшін уақыт талабына сай қолайлы реттегішті құрумен қатар, мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін біртіндеп төмендету үшін жұмыстар жасалуда.

Әлемдегі әлеуетті инвесторлардың басын қосқан жаһандық жүйенің мінберінен үкімет басшысы ел экономикасына қорықпай қаржы салуға қажетті шешімдерді бөрі қабылданғанын тағы бір айта келіп, ендігі шешім – инвесторларға екенін атап өтті.

ҚАРЖЫ НАРЫҚТАРЫНА СЕРПІН БЕРЕТІН ҰЛТТЫҚ МЕГАЖОБА

Елордамыздың 20 жылдығы қарсаңында Мемлекет басшысы басты мақсатын «Еуразияның қаржы қақпасына айналу» деп айқындап берген «Астана» халықаралық қаржы орталығының ресми тұсауы сәтті өтті.

АХҚО-ның ашылу салтанатына орай Astana Finance Days атауымен ұйымдастырылған алқалы жиын аясында Жаһандық қаржылық форум, Халықаралық капитал нарығының 2-ші Астана форумы, Жасыл өсім – 2018, FinTech 2018, Ислам экономикасының Астана форумы, Transformers Roadshow: ғылым, технологиялар және инновациялар байқауы, АХҚО құқықтық мәселелер жөніндегі конференциясы,

«Қазақстан Еуразиялық экономикалық одағында: одан ардаму стратегиясы» халықаралық конференциясы өтті.

Astana Finance Days форумының пленарлық сессиясында сөйлеген сөзінде премьер-министр Бақытжан Сағынтаев «Астана» халықаралық қаржы орталығының ашылуына орай инвесторлар үшін ұлғаятын мүмкіндіктер туралы айтып берді. Жаңа буынның қаржы орталығы ретінде құрылып отырған АХҚО әлемдік қаржы орталықтарының классикалық функцияларын – өтімді қаржыландыру нарығының дамуына ықпал ету. Қазірдің өзінде орталық базасында Азия даму банкі және Ислам даму банкімен бірлескен қажетті құқықтық және реттеушілік орта құрылды. Биыл жылдың соңына дейін мемлекеттік исламдық құнды қағаздар – сукуктар эмиссиясы жүргізіледі. «АХҚО-ны біз болашақта исламдық қаржыландырудың өнерлік хабы ретінде көреміз. Осылайша, Астана халықаралық қаржы орталығы жеткілікті дәрежедегі ауқымды қаржы қызметтерін ұсынатын болады», – делі Б.Сағынтаев.



және тендерістірілген капитал нарығын дамыту мен жеке тұлғалардың активтерін және әл-ауқатын басқарумен қатар, жаһандық қаржы әлемінің келешегі кемел бағытында қызметтер көрсететін болады.

Үкімет басшысы атап өткендей, АХҚО қаржы технологиялары саласындағы шешімдерді құру мен дамытуға арналған финтех-платформалар ретінде қарастырылуда. Мұндай жұмыстар Mastercard және Visa, Microsoft және Tai Cloud Corp компанияларымен әріптестік негізінде басталып та кетті.

Қазірде АХҚО 60-тан астам ірі қаржы институтының, сондай-ақ Жаһандық финтех-хабтар федерациясының қамтитын R3 халықаралық консорциумының қатысушысы болды.

Астана халықаралық қаржы орталығы «жасыл» қаржыландыру құралдарын, тетіктері мен өлшемдерін енгізу үшін тиімді алаңға айналып отыр. Осы тұрғыда клиент саласында Жасыл қаржылар құзыреті орталығы, сонымен қатар БҰҰ мақорлығымен Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы құрылып, жұмыс істеді.

АХҚО қаржылық қызметтерінің тағы бір ерекшелігі – исламдық

қаржыландыру нарығының дамуына ықпал ету. Қазірдің өзінде орталық базасында Азия даму банкі және Ислам даму банкімен бірлескен қажетті құқықтық және реттеушілік орта құрылды. Биыл жылдың соңына дейін мемлекеттік исламдық құнды қағаздар – сукуктар эмиссиясы жүргізіледі. «АХҚО-ны біз болашақта исламдық қаржыландырудың өнерлік хабы ретінде көреміз. Осылайша, Астана халықаралық қаржы орталығы жеткілікті дәрежедегі ауқымды қаржы қызметтерін ұсынатын болады», – делі Б.Сағынтаев.

АХҚО өз клиенттері мен қатысушыларына не ұсынады, қандай мүмкіндіктер береді? Біріншіден, Еуразияның перспективалы нарықтарына шығу мүмкіндіктерін ұлғайтады. Әлемдегі ақша ағынын басқаратын қаржы орталықтарының жаһандық тізбегі бүкіл жер шары арқылы – Торонтодан Сингапур, Токиодан Нью-Йоркке дейін өтеді. Олардың әрқайсысының өзіндік бірегей сапасы бар. Қазақстан АХҚО-ны осы әлемдік қаржы жүйесінің бөлігі ретінде қарастырады.

Астана халықаралық қаржы орталығының географиялық ерекше орналасуы Орталық Азия, ЕҚО, Күнгей Кавказ, Таяу Шығыс елдерінің нарығына шығуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Астана «Белдеулер мен жолдар» жаһандық бастамасы жаңа трансқұрлықтық бағыттарының басты тораптарының бірі болып табылатынын да ескеруіміз керек. Сондықтан АХҚО Батыс Қытай, Моңғолия және Еуропа елдері арасындағы қаржылық-экономикалық көпірге айнала алады. Осының бөрі 1 миллиардтан астам адамды қамтитын алып нарыққа жол ашады. Екіншіден, ол – АХҚО-ның төуелсіз құзыреті, Дүниежүзінің

барлық қаржы орталықтарындағы тәрізді, құқық және сот жүйесі ағздыңдық жалпы құқық ұстанымдарына негізделген. Мұнда Арбитраж орталығы, Халықаралық қаржы соты және Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитет құрылды. Осынау төуелсіз құрылымдарды әлемге танылал тәжірибелі заңгерлер басқарады.

АХҚО халықаралық қор биржасы қатысушылары үшін басты стратегиялық серіктестері – Шанхай және Nasdaq биржалары арқылы қаржы ағынын тарта отырып, Шығыс пен Батыстағы әлемдік жетекші ойыншыларды байланыстыратын аймақтық алаңға айналды болады. Осы ретте «АХҚО» биржасының алғашқы ірі қадамы ұлттық компаниялардың акцияларын жария орналастыру болмақ. Бақытжан Сағынтаев IPO-ға ұлттық экономика ашыптары – «Эйр Астана», «Қазатомөнеркәсіп», «Қазтелеком» компанияларын шығару жоспарланып отырғанын айтты. Сонымен қатар еліміздегі «Қазақстан темір жолы», «ҚазмұнайГаз», «Самұрық-Энерго», «Қазпошта», «Таукен-Самұрық» және «Қазак Эйр» сияқты ірі компаниялардың акциялары 2020 жылдың соңына дейін шығарылатын болады. Бұл – бизнестегі инвесторлар үшін ұсынылып отырған бірегей мүмкіндіктер. «Күні кеше өткен Қазақстанға шетел инвестициясын тарту мәселелеріне арналған жаһандық жиын аясында инвесторлардың Үкіметпен тікелей диалог орнатуы, серіктестермен пікір алмасуы елімізде жұмыс істеуге жоғары инвестициялық қызығушылық бар екенін көрсетті. Дөңгелек үстел аясында жалпы сомасы 4,8 млрд АҚШ доллары болатын 30-ға тарта турлі коммерциялық құжаттарға қол қойылды. Біз инвесторлардың мұндай сенімін бағалаймыз. Қазақстан Үкіметі барлығында АХҚО қатысушысы болуға шақырады. Қазақстан өзінің әлемге ашықтығын және сіздермен диалог орнатпаға әзірлігін растайды», – деп түйіндеді Astana Finance Days қатысушылары арасында сөзін премьер-министр.

АХҚО-ның Орталық Азиядағы ең ірі әрі ықпалды қаржылық орталыққа айналуына толық негіз бар. Осы ретте қаржы саласын ортапартияндауға, құнды қағаздар нарығының жүйелі жүргізілуіне тікелей ықпал ете отырып, АХҚО Қазақстан экономикасына сүбелі үлес қоспақ. Ең маңыздысы – елге сырттан таратылатын инвестициялардың көлемі ұлғайып, экономиканың жандануына мүмкіндік туады.

БИЗНЕС&ҚОҒАМ

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

>111

Үзіліссіз энергияға қол жетті

«Түрксіб» қосалқы станциясы іске қосылды



Шешілді. Ендігі қалған жалғыз міндет — осы қуат көздерін дұрыс пайдалану, өйткені жұмсалған 20 млрд теңгелен астам қаражат тиімді жұмыс істеуі керек, — деп А.Есімов.

Осыдан он жыл бұрын жарық кезек-кезегімен, авариялық түрде сөндіріліп, электрмен тұрақты жабдықтау қиына соғатын. Бұл қаланың және бизнестің дамуына кедергі келтіріп, халықтың әлеуметтік жағдайына әсер ететін.

Сонымен қатар А.Есімов Алматы қаласына жұмыс сапары барысында қаладағы энергетикалық кешеннің орнықты дамуы үшін үлкен маңызға ие «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның энергия объектілерінде болды. 2011 жылы «Ерменсай» ҚС кәсіпорны Алматы қаласында Қысқы Азида ойындарының өткізілуіне орайластырылғаны мәлім. А.Есімов

жүктемені ҚС-220/110/10 кВ №131А «Таулы қырат» (Горный гигант) қосалқы станциясынан ҚС-220/110/10-кВ №160А «Ерменсай» қосалқы станциясына ауыстыру жұмыстарымен танысты. Бұл жоба «Таулы қырат» қосалқы станциясы орналасқан аумақта лай көшкіні болған жағдайда қосалқы станцияның кірау және тұтынушылардың электрлен жаппай ағытылу қаупі туындауына байланысты іске асырылды. Осылайша авариялық жағдайларды болдырмау мақсатында жүктемені «Таулы қырат» шағын станциясынан «Ерменсай» қосалқы станциясына ауыстыру туралы шешім қабылданған. Өйткені, «Таулы қырат» бұған дейін де лай көшкініне ұшырап, салдарынан қаланың оңтүстік, оңтүстік-шығыс бөліктері жарықсыз қалған. Енді бұл маңайдағы аудандардың

тұрғындары үшін электрден ажырау қаупі болмайды. Бұл жүктемелерді ауыстыру жобасы аяқталып, «Таулы қырат» қосалқы станциясы жойылды. Құны 7045,84 млн теңге болатын Ерменсай жобасы 2016 жылы ашылған.

2007 жылы қолға алынған «Түрксіб» қосалқы станциясының жобасы республикалық бюджет, Алматы әкімдігі, Самұрық-Қазына, Самұрық-Энерго қаржылары есебінен қырылды. Подстанция сапалы, заманауи технология бойынша тұрғызылған. Алдағы уақытта Алматыны және Алматы облысын қоса алғанда, оңтүстік өңірлердің барлығы Екібастұздан тартылатын электр-ауа желісі арқылы қамтамасыз етілетін болады. Осылайша қала тұтынушылары электр энергиясымен берік қамтуға жағдай жасалады.

АӨК: БАСЫМ БАҒЫТ

Өнімділікті еселеудің жолы қандай?

Бағдарлама ашық платформаға айналады

Байтақ даланы бойлай төселіп жатқан жайылымдық ақпалар, суармалы егістіктер, дәстүрлі ата кәсіп пен оны өркендетуге қабілетті жұмыс күші — елімізде мал шаруашылығын дамыту үшін толыққанды факторлар екендігі қайталан жатуды қажет етпейді.

БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ



және суармалы жерлерді кеңейту арқылы көкөніс өнімдерін арттыруға бағытталған ұзақмерзімді арнайы салалық құжаттармен толықтырып отыр.

Ет шаруашылығын дамыту бағдарламасының негізін отбасылық фермалар құрап, ол ірі қара мал бордақталған алаңдарынан және ет өңдеу кешендерінен тұратын біріккен, яғни зәкірлік кооперация түрінде жасалмақ. Алдағы 10 жылда ірі қара мал, қой және жылқы шаруашылығымен айланысатын 80 мыңнан астам отбасылық ферма құру, пайдаланылатын жайылымдар алаңын 58 млн гектардан 100 млн гектарға кеңейту, ірі қара малды 15 млн басқа дейін, ал қой санын 30 млн басқа дейін ұлғайту көзделуде. Жобаға қатысушылар үшін көптеген қолайлы шарттары: жер өңкерулерін бөлуде басымдық беру, фермерлік шаруашылықтарға мал алуға, техника мен жабдық сатып алуға жеңілдікпен, 15 жылға 4 пайыз-бендес несиесі беру, жайылымдары сұндыру үшін 80 пайыздық субсидия беру сияқты шаралар қарастырылған.

Сүт шаруашылығы бағдарламасы да отбасылық фермалардан, өнеркәсіптік сүт-тауарлы шаруашылықтардан және заманға сай сүт зауыттарынан тұратын біріккен кооперация қағидаты бойынша жасалады. Бұл ретте отбасылық фермалардың санын 380-нен 930-ға дейін, ірі сүт-тауарлы фермалардың санын 108-ден 170-ге дейін жеткізу жоспарланған. Жобаға қатысушылар үшін қолайлы жағдайлар қарастырылған болады. Нәтижесінде сүт өндірісінің көлемін 1 млн тоннаға ұлғайту міндеті қойылды.

Құс шаруашылығын дамыту бағдарламасы шеңберінде жана кәсіпорындар салу, қолданғышы фабрикаларды жанарту, сондай-ақ ет және жұмыртқа бағытындағы құстардың өнімділігін арттыру көзделді. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде құс ет өндірісінің көлемі 4 есеге немесе 560 млн тоннаға ұлғайып, оның ішінде 150 млн тоннасы экспортқа шығарылады. Тағамдық жұмыртқа өндірісі 1,5 есеге немесе 2,5 млрд данаға дейін ұлғайып, оның ішінде 1,5 млрд данасы экспортқа жіберіледі.

Тұтастай алғанда, АӨК мемлекеттік бағдарламасы саланың негізгі тұжырымдамалық және АӨК-ті инфрақұрылымды, тұрғын, салық салу, ауылдық аумақтар секілді өніммен сабақтас бағыттарды шешуді мақсат етіп, мемлекеттік бағдарламаның бір бөлігі ретінде салалық және сабақтас бағдарламалар тізілетін ашық платформа болады. Бағдарлама ашық платформа ретінде құрастырылып, салаға мемлекет тарапынан жасалатын ықпал мен қолдау құралдарынан тұрады. Платформа негізінде қажеттілікке қарай салалық және сабақтас бағдарламалар әзірленеді. Осындай күрделі жоспарды іске асыру ауыл-аймаққа қатысы бар барлық мекемелердің ұйымдасқан іс-қимылына байланысты. Сондықтан мемлекеттік бағдарламаны жобалық басқару жүйесі қолданылады. Мемлекеттік бағдарлама жобасында алғаш рет саяси лауазымды тұлғалардың дербес жауапкершілігін бекіту қарастырылған.

Құжаттар агробизнесің тікелей қатысуымен әзірленгендіктен бұл тұрғыда көптеген сауалдар пьсықталып, шешімін табуға. Сондай-ақ ауыл дамуына басқа да салаларда біртұтас мәселелерді шешудің қатысы бар. Атап айтқанда, Қаржы министрлігінің салық салу саясаты, Инвестиция және даму министрлігінің техникалық реттеу, сауда-логистикалық инфрақұрылымды дамыту, Ұлттық экономика министрлігінің экспортты қолдау, ауылдық аумақтарды дамыту сияқты мәселелерінің болуы қолданғышы бағдарламаны салааралық шаралармен толықтыруды қажеттігін көрсетеді. Нәтижесінде мемлекеттік бағдарлама саланың негізгі концептуалдық мәселелерімен қатар бір-бірімен байланысты сабақтас бағыттарды шешуді де қамтиды.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

КӨСІПКЕРЛІК ҚАНАТ ЖАЯ ТҮСТІ

Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев өңірдің бизнес-қауымдастығымен кездесті.

Шағын және орта бизнесті қолдау бағытында облыста атқарылып жатқан жұмыстарға тоқтала келіп, Нұрлан Ноғаев: «Мемлекет басшысы шағын және орта бизнесті экономикамыздың драйвері деп, оның кең қанат жаюына баса назар аударып келеді. Осы ретте мемлекет тарапынан кәсіпкерлерді қолдау жолға қойылған. Несие беру бағдарламалары, субсидиялау, гранттар бар, олар жергілікті және республикалық бюджеттердің есебінен жүзеге асырылуда. Мемлекет ШОБ субъектілері қатарының көбеюіне мүдделі. Жергілікті атқарушы органдар өз тарапынан кәсіпкерлікпен айналысуға талпынған жандарға қолдау көрсетуге, оқытуға, бастапқы капиталмен қамтамасыз етуге дайын», — деп.

Қазіргі күні облыста 57 мың кәсіпкер шағын және орта бизнеспен айналысады. Кәсіпкерлер өңір басшысымен кездесуде монополистермен өзара әрекет, ауыл шаруашылығын субсидиялау, жана өндіріс ашу, қаржыландыру мәселелеріне қатысты ой бөлісіп, кедергі болар түйткілді жөйтерді ортаға салды. Мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті дамыту жайы да айтылды. Үш сағат бойы бизнес-қауымдастық өкілдерінің сауалдарына жауап берген Нұрлан Ноғаев жергілікті атқарушы билік кәсіпкерлерге қашан да қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді. Ең бастысы — бизнестің бірлескен жобаларға қатысуға қызығушылық таныту.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

БЖЗҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ МЕН САПАСЫН КӨТЕРДІ

Ақпараттық технологиялар БЖЗҚ қызметінің қолжетімділігін мен сапасын қамтамасыз етеді.

Қордың негізгі ақпараттық жүйелеріне зейнет-ақы жинақтарының жеке есебін, сондай-ақ зейнетақы жүйелерінің инвестициялық және бухгалтерлік есептерін жүргізу жүйелері жатады. Биыл өткен 5 айда Қордың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы филиалдардың операциялық қызметкерлері 9,5 млн операцияны жүзеге асырды. Қордың негізгі уәдестерінің автоматтандырылу деңгейі 82%-ті құрайды. Биыл саладағы ақпараттық қызметтердің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін метрокластер құру және Алматы, Астана қалаларында ақпараттар өңдеу резервтік орталығын жасақтау жұмыстары жүргізілуде. Бұл облыстардың бірінде табиғи немесе техногендік апат орын алған күннің өзінде, Қордың ақпараттық қызметінің үздіксіз және толыққанды ауқымда жағастыруға мүмкіндік беріледі.

Зейнетақы заннамасының өзгеруіне және электрондық сервистердің дамуына байланысты жеке мәліметтерді есептеу жүйесі ордайым жанартылуда. Қор қызметтерін бүгінде дәстүрлі және электронды пошта арқылы, елр.кz сайтында «жеке кабинет» ашу арқылы, ұялы қосымша көмегімен, e-gov.kz сайтында, сондай-ақ өз-өзіне қызмет көрсету терминналдарында да алуға болады. Бұл қызметтерге жүгінушілер қатары күн санап артып келеді.

НАРЫҚ

ҚАНТ ҚЫМБАТТАЙ МА?

Жыл сайын шілде туа қант бағасының көтеріліп шыға келетінін нелікте?



Осы ретте 3-шілдедегі Үкімет отырысынан кейін журналистердің сұрағына орай ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов: «Бұл мәселеде маусымдық фактор бар. Ол ер кезде импортқа ғана емес, сонымен қатар сураныс пен ұсынғысқа байланысты болып отырады. Егер сураныс жоғары болса, онда импортқа немесе өзміздің өндірісіне қарамастан, баға жоғарылай береді. Менің ойымша, кез келген бизнестің маусымдық мөні бар және бұл жағдай қайталана береді де. Сондықтан бұл факторды жоққа шығаруға болмайды», — деп түсіндірді.

Министр сонымен қатар қантты тасуға қатысты кейбір жеңілдіктерді құрастыруға да Еуразиялық экономикалық одақ ұсынғысын Қазақстан тарапы қолдаудан бас тартқанын еске салды. Осы орайда құрақ қантты, ақ қантты тасымалдау бойынша жеңілдікті ескер сакталғаны болды. Дегенмен белгілі бір кезеңдерде қант бағасының өсуінің тоқтайты жою мүмкін еме. «Бағаның маусымдық құбылуынан тоқтайты құтыла алмаймыз. Бұл жағдай нарықтағы сураныспен байланысты екенін білесіздер», — деп түйіндеді Тимур Сүлейменов.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ

Жетпісбай БЕКБОЛАТУЛЫ, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ кафедралық меңгерушісі
e-mail: Zhetpishay.Bekbolatuly@kaznu.kz



Елорда және ел экономикасы

Ел мақтаншына айналған айшықты Астана бүгінде бүкіл әлем жұртшылығының назарында десек, қателеспейміз. Орталық Азия аймағының ғана емес, сондай-ақ алып құрылық – Еуразияның көкейтесті түйткілдері талқыланып, тағдырлы тұжырымдар қабылданып жатқан халықаралық деңгейдегі мәжіліс-жиындар, төрткүл дүниенің басын қосып, Қазақстанның айыры-атағын әлемге паш еткен әйгілі «ЭКСПО – 2017» көрмесі, додалы спорт жарыстары күні ертең жігіт жасы – жиырма жылдың салтанатпен атап өткілі отырған Елорданың тарихына алтын әріптерімен жазылып жатыр.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи шешімімен мемлекеттік биік орталығы ару Алматыдан Арқа төсіне ауыстырылғанда, көкейтесті үміт күліктің арбақан сәтін көзқаракты жанның қай қайсысы да ұмыта қоймаған болар. Алайда, ұтымды ұйымдастыру мен білікті басшылықтың арқасында бас-аяғы төрт-бес жылдың ішінде жаңа астанамыздың бұғанасы бекіп, қанаты қатайды. Бастапқы кезеңде қала тұрғындарының саны небәрі 300 мыңдай ғана болса, қазір 1 миллионнан асты. Бұған ел Президентінің Жарлығымен қаланы тұрақты дамыту стратегиялық жоспарының бекітілуі және оның дәйекті түрде жүзеге асырылуы арқасында қол жетті. Соның нәтижесінде жалпы өнімнің өсімі 190 есе өсіп, 5 трлн теңгені құрады, құрылыс көлемі 46 есеге, жеке кәсіпкерлік нысандарының саны 3 есеге артты, жұмыссыздық 12 пайыздан 4 пайызға дейін азайды. Қаланың жалпы аймақтық өнімінің 22 пайызын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері толықтырып отыр. Астана ресми мәртебе алған бір жыл ішінде ЮНЕСКО-ның «Бейбітшілік қаласы» атағын алып, бүгінде әлемнің ең үздік отыз қаласының қатарына қосылу жолында нақты қадамдар жасауда. Қала басшылығы оған қол жеткізу үшін зор мүмкіндік бар екендігін атап өтуде. Осы арада статистика деректері Елордада экономика, мәдениет, құрылыс, бизнес салалары аса қарқынды дамып келе жатқанына айғақ болатынын атап көрсетуіміз керек. Жиырма жыл ішінде қалаға салынған инвестицияның жалпы көлемі 8 трлн теңгеге жеткен, осы кезеңде мемлекеттік қазынаға бас шаһардан 6,3 трлн теңге қаражат түскен, алынған трансферт көлемі 2,3 трлн теңгені құраған. Бұл ретте мемлекеттің қаланы сауаға бөлетін инвестициясы 2,5 есе қайтарымға ие болған. Шаһар шаруашылығының шағын және орта кәсіпкерлікке негізделген толыққанды құрылымы жасалып, бұл бағытта өндірілген өнім көлемі 4 трлн 300 млрд теңгеге жеткен.

Қала экономикасының негізін сауда, көлік, байланыс және құрылыс салалары құрайды. Ел шаруашылығының сауда саласындағы жалпы өніміне салатын үлесі жағынан Астана облыстар мен қалалар арасында Алматыдан кейінгі екінші орынды алатынын, ал Астана және Алматы қалаларының біріккен аймақтық өнімі Қазақстанның сауда саласының тең жарымын алып отырғанын, сондай-ақ бөлек бөлек айналым бойынша Астана еліміз бойынша екінші орында тұрғанын айта кетугіміз керек. Бас қаламыз республикада құрылыс жағынан ала, соңғы жылдары пайдалануға берілген құрылыс нысандарының басым бөлігі «Астана – жаңа қала» атты арнайы экономикалық белдеуі құрылып, мұның негізінде салық және кендік жөніндегі қарастырылған құқықтық тәртіп енгізілді. Белдеу аймағында жұмыс істейтін өртүрлі бағыттағы бағдарламалар бәсекеге қабілетті экономика мен туризм саласын дамытуға мүмкіндік беретін шағын кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған. Мәдени-әлеуметтік өріс те назардан тыс қалмай, Конгресс-холл, Жастар сарайы, Президенттің мәдениет орталығы, «Шабғыт» шығармашылық сарайы, Бейбітшілік және келісім сарайы сынды есем ғимараттар, облыстық филармония, мұражайлар мен театрлар, кітапханалар қала тұрғындарына қатқынсыз қызмет етуде. Бүгінде аяқ-жан шетеге мәлім болған Назарбаев университеті, Л.Гумилев атындағы ұлттық университеті ғылым-білімнің алтын шаңырағы, баянғы оқу ордасы ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен бірге Елбасымыздың «Болашақ бағлар, рухани жаңғыру» мақаласындағы негізгі басымдықтарды жүзеге асыру бағытында жанды жұмыс жүргізуде.

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

Сыртқы қарыз ІЖӨ-нің жартысына жетті

Тауада ҚР Ұлттық экономика министрілігі мемлекеттік борыштың жиынтық көлемі осы жылдың І сәуіріне 28 трлн теңгені немесе ІЖӨ-нің 48,9% пайызын құрағанын мәлімдеді. Шұдымызда борыштың шетелдік және отандық қаржылық ұйымдар мен мекемелерге шаққандағы кәзіргі жай-күйі хакында өңгімелектік.


ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Сонымен борыш жалпы көлемінің 10 трлн теңгесі (ІЖӨ-ге шаққанда 17,5%) Үкіметке тиесілі болса, ұлттық компаниялар борышы – 13,65 трлн теңге, Ұлттық банк – 4,2 трлн теңге, жергілікті атқарушы органдар борышы – 0,13 трлн теңгені құраған.

Жалпы алғандағы мемлекеттік борыш, яғни, Үкіметтің, Ұлттық банктің және жергілікті атқарушы органдардың жиынтық қарызы, қолдағы бар мәліметтерге сәйкес, 14,3 трлн теңгені (немесе ІЖӨ-ге шаққандағы 25,1%) құраған.

Кепілдік берілген заемдар бойынша борыш 428,5 млрд теңгені: ішкі заемдар – 8,4 млрд теңге, сыртқы – 420 млрд теңгені құрайды. 1-инфографика.

Қазақстанның аса ірі кредит берушілері арасында Халықаралық қайта құру және даму банкі, Азия қайта құру және даму банкі, сондай-ақ Жа-




Ұлттық экономика министрілігінің мәліметтеріне. Жаңа бюджеттік саясат тұжырымдамасында жиынтық мемлекет-

теңге. Сондай-ақ осы қаржылық құрылымдағы борыштың айтарлықтай үлесі суруоблигацияларға – 6,5 млрд доллар – тиесілі.

2-инфографика

Қазақстан үкіметінің халықаралық қаржылық ұйымдарға борышы (млрд долл.)

- Халықаралық қайта құру және даму банкі
- Азия қайта құру және даму банкі
- Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігі
- Басқа да халықаралық қаржылық ұйымдар
- Еурооблигациялар



пония халықаралық ынтымақтастық агенттігі (Japan International Cooperation Agency, JICA) бар. «2018 жылдың І сәуірінегі жағдай бойынша Үкіметтің халықаралық қаржылық ұйымдар (ХҚҚДБ, АҚҚДБ, ИДБ – Ислам даму банкі) алдындағы сыртқы борыштары 6,5 млрд доллар, суруоблигациялар бойынша 6,5 млрд доллар және басқа да шетелдік коммерциялық банктер алдында – 0,7 млрд доллар құрайды», – делінген

тік борыш Қазақстанның ІЖӨ-не 60%-дан аспайтын борыштық көрсеткіш қарастырылған. 2018 жылдың І сәуірінегі жағдай бойынша мемлекеттік борыштың жиынтық көлемі 28 трлн теңгені немесе ІЖӨ-ге шаққанда 48,9% құраған. 2-инфографика.

Қазақстанның ХҚҚДБ-нен алған заем сомасы 1,3 трлн теңгені құраған, екінші орында АҚҚДБ – 684,9 млрд теңге, үшінші JICA – 163,7 млрд

Қазақстан қарыз алған басқа да ХҚҰ (халықаралық қаржылық ұйымдар) қатарына мыналар кіреді: • 201 млн доллар заеммен Еуропа қайта құру және даму банкі, Ислам даму банкі – 137,7 млн доллар, • Сауд даму қоры – 553 мың доллар, • Кувейт араб экономикалық даму қоры – 5,2 млн доллар, • Абу-Даби даму қоры – 4,1 млн доллар,

Германия үкіметі несиелік агенттігі – 12,4 млн доллар, • шетелдік коммерциялық банктер – 200 млн доллар.

Берілген мәліметтерге сәйкес үш ірі квазимемлекеттік сектор – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Бөйтерек» ҰБХ» АҚ мен «ҚазАгро» компаниясы борыштық міндеттемелерінің жалпы көлемі жиынтығында 13,6 трлн теңгені құраған. Оның ішінде сыртқы қарыз 7,7 трлн теңге, ішкі борыш – 5,9 трлн теңге құрапты.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры борышына ұлттық заемдардың жалпы сомасының 70%-ын иеленіп отыр екен.

Еліміздің сыртқы борышының жалпы жағдайына пікірін білдіре келе, Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының бас ғылыми қызметкері Вячеслав Додонов мейлінші ауыр мәселелі компонент мемлекеттік борыш болып табылатынын атап айтты. Өйткені, бұл еліміздің бюджетіндегі қаражаттың жетіспеуіне әсерін тигізеді, дейді ол.

«Нақ осы (Үкімет борышы – ред.) бюджеттік үдеріс және республикалық бюджеттің шығыстарын ұлғайтуға тікелей әсер етеді. Және соның салдарынан – бюджет тапшылығы өсуіне және сол тапшылықты қаржыландыру үшін борышты одан әрі арттыруға ұрындырады. Ұлттық банктің борышы көбінесе техникалық сипатта болып келеді – тиісті борышорлық құралдар ең алдымен монетарлық саясат шараларын жүзеге асыруға және банктік сектордың төлемпаздығын реттеу үшін шығарылады және де бюджеттік үдеріске ешқандай тікелей қауіп тудырмайды», – дейді Вячеслав Додонов.

СЫРТҚЫ ФАКТОР

22 – 29 маусым аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу*

29 маусымдағы сауда-саттық қорытындылары бойынша теңгенің нарықтық бағамы бір антағын ішінде 0,2%-ға (340,27-ден) өсіріп, бір АҚШ доллары үшін 341,08 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 22 маусымнан 29 маусым аралығындағы маңызды оқиғалар – АҚШ пен Қытайдың, Еуроаймақтың, Канаданың өзара сауда-саттық саясатына қатысты мәселелер ықпал етті. Атап айтқанда, АҚШ өкілдерінің АҚШ-тың технологиялық фирмаларына қытай инвестицияларына тыйым салуға және технологияларды КХР-ға экспорттың бұғатталуын әулеттік мүмкіндіктеріне, АҚШ-қа инвестицияларды шектеу тек қана Қытайды ғана емес, Вашингтон технологияларды ұрлайды деп күдіктенген басқа да мемлекеттерге қатысты болуы мүмкіндігі жөніндегі түсініктемелері.



Одан басқа, маңызды оқиға АҚШ-тың 34 ірі банкке стресс тестілеу жүргізу нәтижелерін жария ету болды. Дамушы елдердің валюта бағамдарының АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай үлгіде қалыптасты: • Бразилия реалы өткен аптада нарыққа Бразилия Орталық банкнен валюталық swap операциялар ұсыныстарының болмауы салдарынан 2,4%-ға (3,79-дан 3,88-ге дейін) өсірілді, • Отансуі Африка рәнді инвест-

торлардың дамушы елдердің активтерін сату аясында 2,2%-ға (13,44-тен 13,73-ке дейін) өсірілді; • Индонезия рупиясы Индонезия банкінің дамушы нарықтардан капиталдың өклетілуі аясында бағамды ұстап тұру үшін мөлшердемені 5,25%-ға дейін 0,5%-ға (қуту 0,25% болғанда) күрт көтеруіне қарамастан, 1,7%-ға (14 086-дан 14 330-ға дейін) өсірілді; • Үндістан рупиясы 0,9%-ға (67,83-тен 68,47-ге дейін) өсірілді;

Ресей рублі 0,3%-ға (62,99-дан 62,78-ге дейін) нығайды. Маңызды оқиға Дональд Трамп пен Владимир Путиннің 2018 жылғы 15 шілдеде Хельсинки қаласында өтетін келесуі туралы хабарлама болып табылды; • Мексика песосы 2018 жылғы 1 шілдеде өтетін президенттік сайлауда Лопес Обрадордың нақтымақ жеңуі жөнінде позитивті нарықтық сентименттің аясында 0,5%-ға (20,01-ден 19,91-ге дейін) нығайды; • Түрік лирасы тауада болып өткен президенттік сайлаулардан кейін, сондай-ақ қазынашылық облигацияларының кірістілігінің біраз төмендеуі аясында 1,9%-ға (4,68-ден 4,59-ға дейін) нығайды.

* шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ашық дереккөздердің негізінде атап сайын дайындайды
** АҚШ долларына қатысты көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

БИЗНЕС&ҚОҒАМ

↳ **PATH TO RENEWAL**

The Kazakh authorities seek to break the dependency on oil and gas and diversify their economy. And they aspire to see Astana, the national capital, become a financial center for the whole of Central Asia. To that end, the Kazakh authorities call on Swiss capital and know-how.

DANISH AZIM

Le Temps, a Swiss French-language daily newspaper published in Berliner format in Geneva, in a report entitled «Le Kazakhstan veut séduire les banques suisses» – «Kazakhstan wants to seduce Swiss banks», said: «Early in July, Swiss Federal Councillor responsible for economic affairs, Johann N. Schneider-Ammann, will lead a delegation of some thirty Swiss businessmen to Central Asia, including Kazakhstan. This country, the fourth largest in the world, is then going to inaugurate the Astana International Financial Center (AIFC), but has already invited the Swiss financial actors to play a leading role. «Certainly we are waiting for



The AIFC's main objective is to develop a liquid and well-balanced capital market

banks, as well as asset managers and fintech specialists to come». AIFC governor Kairat Kelimbetov said at a presentation held on Wednesday in Geneva. «Our patrimony (sovereign wealth fund, international reserves and pension funds) is estimated at 100 billion dollars».

One might as well say that the two big Swiss banks, UBS and Credit Suisse, already have a presence in Astana. As a new Kazakh capital, which began to be developed in 1998, it has already become the nerve center for business in Central Asia. The former capital Almaty remains a major commercial and cultural center.

Kazakhstan's economy has been booming over the last 20 years thanks to oil and gas and other mining commodities. In addition to the banks, dozens of other Swiss companies – the Mabetex and ABB engineering groups, as well as Glencore, Nestlé, Gate Gourmet – are already established in the country.

«We maintain strategic and privileged relations with Switzerland», AIFC governor said, referring to his country's belonging to the group which represents Swiss in the Bretton Woods institutions (World Bank and International Monetary Fund). While being his country's central bank chief,

gross domestic product (GDP) averaging at almost 10 per cent. Last year, it fell to 4 per cent.

«We have been severely affected by the depreciation of our currency [the tenge] and the decline in financial reserves», AIFC chief economist Baur Bektemirov explained. «This situation has also revealed other weaknesses.

to be looking forward to the opening of the AIFC to be held on 5 July 2018 in Kazakhstan's capital.

What is the concept that lies at the core of this undertaking?

Forbes, a worldwide known American business magazine, in an article entitled «Kazakhstan opens Astana International Financial Center

in the month before last, President Nursultan Nazarbayev said: «In order to overcome all these challenges, it is necessary to build new effective mechanisms, a dialogue between states and the exchange of knowledge». It is the vision reflected in the initiative, resulted in the establishment of the Astana International Financial Centre.

Astana, which had acquired its status as the national capital a little less than 21 years ago, is a big, modern city. Its population amounts to some of 1 000 000 people (in terms of population it's the second largest city in Kazakhstan after Almaty, the country's former capital). The city is experiencing rapid population growth. Its climate is extreme continental, with four seasons. The weather is challenging, it blows hot and cold. Temperatures there can reach 40 degrees Celsius (104 degrees Fahrenheit) in summer, but sink to -40 degrees (-40 degrees Fahrenheit) in winter. Astana is the second-largest capital city in the world after Ulaanbaatar, Mongolia. Yet it is a millionaire city.

Now Astana is about to celebrate its 20th anniversary. It hosted the Winter Asian Games and the EXPO 2017. Now the city is waiting for the opening of the Astana International Financial Center

AIFC is a financial free zone located in Astana, which is being established pursuant to guidelines contained in the «100 Concrete Steps to Implement Five Institutional Reforms» announced by Kazakhstan's leader Nursultan Nazarbayev and designed to provide a strong national platform needed to achieve country's ambition of joining the top 30 developed countries by 2050. In our republic, governmental instructions in writing from the President are being perceived as guidance for national action. So, the nation is committed to implementing five institutional reforms: creation of a modern and professional civil service; ensuring the rule of law; industrialization and economic growth; a unified nation for the future; transparency and accountability of the state.

The Astana International Financial Center sees its main role in attracting financial resources. There are plans to promote the development of the asset management industry not just in Kazakhstan, but in the region as a whole. AIFC is positioning itself as a financial hub for the countries of Central Asia, the Caucasus, Eurasian Economic Union (EAEU), Middle East, Western China, Mongolia and Europe.

The AIFC Authority, which was established on 28 December 2015 and is responsible for the development of the overall strategic plan, promotion of the AIFC in the global markets, attraction of the potential participants to the AIFC, is taking on a

The AIFC's activity is expected to be based on the principles of English law, and it will offer a preferential tax regime and house an independent financial court. A key distinction will be tax exemption for 50 years. That should extend to corporate income tax on income from financial and auxiliary services, individual income tax, land tax and property tax.

For example, agriculture accounts for 4 to 5 percent of GDP, while employing 25 per cent of the economically active population».

According to the press service of the Astana International Financial Center, AIFC governor Kairat Kelimbetov had a meeting with the executive chairman and founder of

in hopes to become Eurasian finance hub», quoted AIFC governor Kairat Kelimbetov as saying: «This is something that was never tried before in Kazakhstan. It is true that financial-center initiative is not new, because Almaty tried to develop the industry and became a regional center in 2004. It didn't work out... For us, it is more



Kairat Kelimbetov has developed long-standing collaboration with the Swiss authorities, particularly on public finance management.

In fact, Kazakhstan has been led by Nursultan Nazarbayev since gaining independence in 1991 has reached the limits of its development based almost exclusively on oil and raw materials.

The need for diversification has increased even further in recent years, as world commodity prices have fallen sharply. In the early 2000s, the country achieved an annual growth rate in

the World Economic Forum (WEF) Klaus Schwab.

It was held on June 21, in Geneva. The permanent representative of the Republic of Kazakhstan to the United Nations Office and other international organizations in Geneva, Zhanar Aitghanova, also took part in the meeting. They had an in-depth conversation.

The overarching theme of the Geneva meeting was a number of issues related to the activity of the Astana International Financial Center. The Western business community appears

rational to follow the example of successful Dubai International Financial Center or Abu Dhabi Global Markets and create a new platform based on that, from scratch. We see a perfect window of opportunity... The idea is to engage global experts, build up the system and transfer the expertise. We would need to rely on external experts in the short and medium-term. We will compete on the global labor market for the best of the best. It will be a challenge, I know».

Indicating global trends at Global Challenges Summit 2018 held

НАРЫҚ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

▶ **БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГЕТИКА**

«ЖАСЫЛ» ҚОР ҚУРЫЛАДЫ

Елімізде баламалы қуат көздерінің жобаларын іске асыруға арналған жасыл қор құрылады.

Корға «Green Capital Management» компаниясы жетекшілік ететін болады. Бұл туралы «Astana Finance Days» шарасы аясында өткен «Жасыл өсім» форумында «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығының» басшысы Рапіл Жошыбаев айтты. Орталық қазақстандық өнертапқыштардың жана технологиялары мен өнімдеріне гранттар және микронесиелер беру, оларды коммерцияландыру бағытына баса назар аударды. Осы ретте «Astana» ХҚО-мен бірлесіп аталмыш саланы қаржыландыру бағдарламасын жасақтау көзделіп отыр. «Қазіргі уақытта орталық инвестицияға баса көңіл бөліп отыр. Бұл ретте біз қазақстандық және аймақтық жобаларға аналитикалық және сарапшылық ресурстарды тартқымыз келеді. Ол ресурстар энергияның баламалы көздеріне, таза технологиялар мен «Green Capital Management» атты арнайы құрылыммен (компания) байланысты болады», – дейді ол.

Алдағы уақытта Қазақстанда баламалы қуат көздерін өндірістерге көптеп тарту үшін жана қорлар ашылады. «Жасыл» қор АХҚО-ның ерекше құқықтық тәртібі аясында жұмыс жүргізеді деп жоспарланып отыр. Сонымен қатар, компания тікелей инвестициялар қорларын басқаруды серіктестерімен немесе өзі жеке басқара алатындай мүмкіндікке ие болады. Қорлар өзінің салалық талаптары мен әртүрлі елдердегі серіктестері бойынша бөлінеді. Мәселен, «Баламалы қуат көздерінің қоры», «Орталық Азияның тұрақты энергетикасы қоры» және «Жасыл технологиялар қоры» секілді қорларды ашу жоспарланған. Ал жоғары технологиялы компаниялар мен өнімдерді қаржыландыру үшін Венчурлық қор құрылады.

▶ **ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ**

ЦИФРЛЫҚ БАНКИНГ КЕН ТАРАДЫ

Сейсенбідегі Үкімет отырысында Ұлттық банкінің төрағасы Данияр Ақшөке еліміздегі цифрлық банкінг туралы айтты.

– Қаржы секторы цифрлық технологиялар белсенді түрде пайдаланылатын негізгі



салалардың бірі болып табылады. Қаржылық қызмет көрсетудің өзі IT инфрақұрылымы және цифрлық шешімдерді пайдалану мүмкіндігінмен тығыз байланысты. Сектордағы маңызды трендтердің бірі – интернет және мобильдік қосымшалар арқылы онлайн қызмет көрсету. Бүгінгі күні Қазақстанның барлық дерлік банкірінде қашықтан банкінг қызмет көрсету жүзесі енгізілген. Мобильдік банкінг қызметтерін банкірдің 60 пайызы (20 банк ұсынады) көрсетеді. Олар бүкіл клиенттер базасының шамамен 90 пайызына қызмет етеді. Бұл жүйелерде шамамен 10 миллион пайдаланушы тіркелген. Олардың 30 пайызы операцияларды тұрақты түрде жүргізеді, – деп атап өтті Д.Ақшөке.

Ұлттық банк төрағасы атап өткендей, күн сайын халық цифрлық банкінг арқылы 6 миллиард теңге сомаға 400 мың транзакция жүргізеді. Бизнес субъектілері қаржы операцияларының жетіс пайызын қашықтан жасайды.

Ол қазіргі таңда клиенттерге қызмет көрсетуді онлайндандыру үшін мемлекеттік органдармен электрондық өзара іс-қимыл жасауға көшу іске асырылып жатқанын атап өтті.

▶ **ӘЛЕУМЕТ**

ЕҢ ТӨМЕНГІ ТҰТЫНУ МӨЛШЕРІ

Еліміздегі ең төменгі күнкөріс деңгейі маусым айында 5,2% өсті.

Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтеріне сәйкес, биылғы маусымда Қазақстандағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері 27 850 теңгені құрады. Бұл алдыңғы айдағы көрсеткіштен 5,2 пайыз артық. Негізгі азық-түлік өнімдерін тұтынудың ең төменгі мөлшерінен септелген халықтың жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы биылғы маусымда биылғы жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда 8,8 пайызға, ал маусым айына қарағанда 10,9 пайызға жоғарылаған. Оның құрылымында ег пен балықты сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі 18,8%, сүт, кілегей өнімдері мен жұмыртқаға – 16,6, жемістер мен көкөністерге – 12,7, нан және жарма өнімдеріне – 6,9, қант, шай және дәмдеуіштерге 2 пайызды құрады.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

МӘДЕНИЕТ & SPORT

ҚҰПТАРЛЫҚ ІС:

Қаламгерлердің еңбегі бағаланды

Газет тілшілері пәтер мен ақшаға кенелді

Алматы облыстық «Жетісу» және «Оғни Алатау» газеттерінің қызметкерлері қатарындағы 6 журналистке қос тағатын 100 жылдық мерейлі тойы мен Байланыс және ақпарат қызметкерлері күніне арналған салтанатты шарда жаңа пәтер кілттері берілді.

НҮРЛАН ҚҰМАР

Жиында құттықтау сөз сөйлеген облыс әкімі Амандқс Баталов облыстық екі газеттің ақпарат кеністігіндегі олардың рөліне тоқталып өтті.

«Жетісу» және «Оғни Алатау» газеттерінің 100 жылдығына арналған салтанатты кеш журналистердің көсібі мерекесі қарсаңында аталып, қос қуаныш қатар келіп отыр. Сондықтан барша журналистерді төл мерекелерімен құттықтап, шығармашылық табыс тілеймін! Бұл екі газет өзінің ғасырлық тұрамында қандай дәуірді, қандай кезеңдерді бастан кешірсе де, мақсат-мүдесі өзгерген жоқ, — деді А. Баталов.

Журналистер қауымына өріпестік байланысы үшін ризашылығын айта келе: «Сөздің қуаты, журналистиканың қайраты қашанда мықты. Бұқаралық ақпарат құралдары қашанда халық пен биліктің арасындағы алтын көпір болып келеді. Мемлекеттік саясатты, ел ішінде жүргізіліп жатқан ірі реформаларды, рухани жаңғыру қаламдарын халыққа жеткізуде БАҚ бізге зор қолдау көрсетіп отыр. Сол үшін баршаңызға ризашылығымды білдіремін! Бағты байлығымыз — Тауелсіздікті нығайту жолындағы еңбектеріңіз жемісті, қаламдарыңыз қорымды, мерекелеріңіз құтты болсын!» — деді өз сөзінде облыс әкімі.

Бұдан әрі марапаттау рәсіміне көшкен облыс басшысы А.Баталов алдымен ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісін «Жетісу» газеті бас



редакторының орынбасары Жұматай Әміреке, аға тілші Қуат Қайранбаева, жауапты хатшы Гауһар Дүйсенбаеваға, сол сияқты «Оғни Алатау» газетінің меншікті тілшісі Танзиля Мұхтарова мен Василий Воробьевке тақты. Сондай-ақ бір қауым тілшілер облыс әкімінің Құрмет грамотасын және Алғыс хатын. «Нұр Отан» партиясының «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісін алды. Сонымен қатар облыс әкімі А. Баталов облыстық «Жетісу» және «Оғни Алатау» газеттерінің 6 журналисіне пәтер кілттерін ұсынды.

Қазақстан журналистер одағының «Қазақстанның Құрметті журналисі» төсбелгісі «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Нұсипбай Әбдірахымға, «Оғни Алатау» газеті бас редакторының орынбасарлары Забира Сайытқалина мен Виталий Пекельникке «Өлке тынысы» ЖШС бас директоры Мейрам Жанәділов тапсырды. Ал Қоғамдық марапаттар мен атақтар жөніндегі республикалық кеңестің «Қазақ журналистикасының қайраткері» мөдалімен бірқатар редакторлар мен газеттердің тәжірибелі тілшілері мен редакторлары Марат Тоқашбаев марапатталды. Марапатталғандар қатарында «Оғни Алатау» газетінің бас редакторы Аталым Идигов пен «Өлке тынысы»

ЖШС бас директорының орынбасары Болат Абаған да бар. Жаңа баспаға не болғандар атынан «Оғни Алатау» газетінің тілшісі Татьяна Демидова мен жетісулік Асыл Сұлтанғазы сөйлеп, облыс журналистерінің жұмыс істеуіне жағдай жасады, газеттердің материалдық-техникалық базасы жақсарғанын, баспаға мәселесінде де қолдау көрсетіліп отырғанына алғыс айтты.

Жиында Қазақстан Журналистер академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев пен ҚР Құрметті журналисі Мамадияр Жақып сөз сөйлеп, облыстық газеттердің 100 жылдығымен құттықтап, ізгі тілектерін білдірді.

Өз кезектерінде мерейтойлық екі газеттің бас редакторлары Аталым Идигов пен Әміре Әрін қалам иелеріне құрмет көрсетіп, сапалы жұмыс атқаруына қолайлы жағдай туғызып, қамқорлық танытып отырғанына басшылығының атына ерекше ризашылықтарын білдірді. Бұдан былай да мемлекеттік ақпараттық саясатты ігерілетуде лайықты үлес қосатындарына сенірді.

Шара соны мерекелік концертпен және салтанатты кешімен аяқталды. Ал «Жетісу» және «Оғни Алатау» газеттерінде біраз жыл еңбек еткендерге 50 мың теңгелі ақша табысталды.

АТАМЕКЕН

Отандық өндірушілер үшін жол ашық

Қазақстанда өндіруші компаниялар мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың сатып алулары арқылы үзекерімді келісімшартты еш кезерімі жасай алады.

Б. ҚАЛДЫБЕКҰЛЫ

Бұл «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының V съезі қарсаңында өткен «Отандық тауар өндірушілерді бәсекеге қабылдеттілігі» атты форумның басты тақырыбына айналды.

Тақырыуына «Самұрық-Қазына» қорының сатып алу жергілікті қамту үлесін дамыту бойынша атқарып жатқан жұмысы мен жоспарын таныстырып, Қор мен Ұлттық палата арасындағы өзара қарым-қатынас деңгейі жоғары екенін атап өткен Ахметжан Есімов холдинг ішіндегі кооперация аясында, яғни бәсекелестік ортадан тыс жүргізілетін сатып алулар позициялары тізімі оңтайландырылғаны туралы айтты. Олардың жалпы көлемі биылғы 4,5 мыңнан бүгінде 424 позицияға қысқарған.

Сонымен қатар жеткізушілерді біліктілігі бойынша алдын ала іріктеу жүзесіне түзетулер енгізілді: сауалнама саны екі есеге қысқарды, Ұлттық палата басшылығының қатысуымен апелляциялық комиссия құрылды, іріктеуден өту мерзімі 2,5 есеге қысқарды.

Форум аясында «Атамекен» ҰҚП мен «Самұрық-Қазына» қоры арасында өзара қарым-қатынас туралы келісім және «Атамекен» ҰҚП, «Самұрық-Қазына» қоры мен Инвестициялар және даму министрлігі арасында жобалық кеңсе құру туралы келісім жасалды. Келісімге сәйкес Импорты алмастыру бойынша үзекерімді бағдарламаны әзірлеу қарастырылған. Бағдарлама Қор компаниялары сатып алатын импорттық тауарлардың тізіміне енгізілетін Қазақстандағы өндірісті ұйымдастыру негізінде құрылады.

— Келісімдер отандық тауар өндірушілерге «Самұрық-Қазына» қорының сатып алу жүзесіне келерісіз түсуге нақты мүмкіндік береді. Осындай үзекерімді келісімшарттарда өндірістерді жаңғырту көзделгені маңызды.

Сонымен қатар біз валюталық қатерлерді және қызметтің басқа да аспектілерін сақтандыруды үйренуіміз керек, өйткені шарттар ұзақ мерзімге жасалды. Асы ретте бізде жобалық кеңсе арқылы бизнеспен тұрақты түрде байланыс болады, шарттарды жасауда орын алған қиындықтарды нақты көрсетіп боламыз. Сатып алулар бойынша тура осындай жұмыс өндіріс әкімдіктерде де қарастырылған. Сондай-ақ өндірушілердің жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларына белсенді қатысуын қамтамасыз ету мақсатында Инвестициялар және даму, Ұлттық экономика министрліктерінің қолдауын пайдаланбақпыз. Осылайша, өндірістерді жаңғырту және кеңейту мақсатында жер қойнауын пайдаланушылар, мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың сатып алулары арқылы отандық тауар, жұмыс және қызмет түрлерін орындап отырған барлық өндірушілерге ұзақ мерзімді келісімшартқа қол жеткізуді қамтамасыз етеміз, — деді Тимур Құлыбаев.

ДҮБІРЛІ САЙЫС

Ержан — «Қазақстан барысының» чемпионы

Жеңімпазға 25 миллион теңге табысталды

Астанадағы «Барыс Арена» мұз айдыны сарайында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жудесі үшін қазақ күресінен VIII «Қазақстан барысы» турнирі өтті. Астананың 20 жылдық мерейтойына арналған жарысқа еліміздің 3 маңызды қала мен 14 облысынан екі мықты деген 37 балуан қатысты.

мен қарағандылық балуан келесі кезеге өтті. «Әскер барысы» Ерасыл Қажыбаев пен Түркістан облысының балуаны Ерсұлтан Мұзаппаров жарыстың жарғылай финалына жолына алды.

Жарғылай финал белдесулерінде алдымен кілемге Ержан Шыңкеев пен Айбек Нұғымаров кездесті. Қос тәжірибелі балуандардың белдесуінде Ержан же-

Білекті балуандардың арасындағы финалдық белдесуе Ержан ұпай санымен бірден ала шықты. Осылайша қарағандылық балуан өз тарихында алғаш рет жеңімпаз атанды.

«Қазақстан барысы» турнирінің жеңімпазы мен жүлдегерлерін марапаттау шарасына «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев,

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Сайыстың ашылу салтанатында «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев, «Қазақстан РТРК» АҚ төрағасы Ерлан Қарин, «Қазақстан барысы» турнирінің үш дүркін жеңімпазы Бейбіт Ыстыбаев және «Қазақстан барысы» қазақ күресін дамыту қоры қамқорлық кенесінің төрағасы Арман Шораяев құттықтау сөз сөйлеп, балуандарға жеңіс, жаңқүйер қауымына естен кетпес жақсы әсер тіледі.



Тұңғыш «Қазақстан барысы», бытырғы долада күміс жүлдегер атанған Ұлан Рысқұл алғашқы айналымда жеребеге сәйкес іріктеусіз өтіп, екінші кезеңде Алматы қаласының балуаны Дәурен Нұрәлиновке есе жіберіп, жарыстан шығып қалды. Жамбылдық балуан Айбол Айтөбев Түркістан облысының балуаны Ерсұлтан Мұзаппаровтан күтпеген жерден жеңіліп қалды. «Соқыр» жеребенін тартуымен 1/8 финалында 2014 жылғы жарыстың жеңімпазы Мұхит Тұрынов пен бытырғы чемпион Еманан Ергалиев бөксіздеме жолдары түйісті. Белдесуінің нәтижесінде Ергалиев қарсыласынан айласын асырып келесі кезеге шықты.

Екінші ширек финалдық бөксекке қарағандылық балуан Ержан Шыңкеев пен қызыл-ордалық Мақсат Исағабайлов жолқты. Бір жағбада ұпайы-

ніске жетті. Ал екінші жартылай финалдық жұпта «Қазақстан барысы» турнирінің финалдық бөксекіне тұңғыш рет қатысып жатқан Ерасыл Қажыбаев пен Ерсұлтан Мұзаппаров күш сынасты. Нәтижесінде Ерасыл ұпай санымен ұтты. 2018 жылғы «Қазақстан барысы» анықтайтын шешуші сайыстың алдында жүде берілетін үшінші орын үшін белдесуінде Шығыс Қазақстан облысының балуаны Айбек Нұғымаров пен Түркістан облысының тарлауы Ерсултан Мұзаппаров арасындағы жеке-жеке тартыста дәрежеде өрбіді. Жеңіс жеткен А.Нұғымаров екі жыл қатарынан «Қазақстан барысының» қола жүлдесін иеленді.

Ақтық сында қарағандылық Ержан Шыңкеев пен «Әскер барысы» Ерасыл Қажыбаев белдесті.

ЕҢБЕК ШАРТЫ

Жұмысшы құқы ақталуының кепілі

Алматы — республикамыздағы ең ірі қаланың бірі. Еліміздің экономикалық-әлеуметтік дамуына қосылатын үлесі зор екендігін айта отырып, жұмысшының құқы қорғауына алаша шаарда жұмыс ұсынатын ірілі-ұсақты кәсіпорындар мен мекемелер жетерлік.



Бірақ соның барлығы заңнамаарға сай жұмыстарын жүргізіп отыр деп сеніммен айтуға болмайды. Жұмыс беруші мен жұмысшы арасында еңбек шартының дер кезінде жасалмауы жиі кездеседі.

Еңбек шарты — жұмыс беруші мен жұмысшы арасында жазбаша жасалатын келісім. Осы шартта жұмысшының қандай қызмет атқаратынын, оған қандай талаптар қойылатынын анық көрсетіліп, жұмыс берушінің ел заңнамаларына сай қандай міндеттемелер атқаратынын, қарауындылардың айлығын, демалысын, жұмыспен қамтылуын толық мойына алатыны құқық-

тың жасауды талап етуі тиіс. Бұл жұмыскерді еңбек дауларының туындауынан қорғайды. Осымен қатар, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сай еңбек шартын жасамай жұмысқа алған жұмыс берушілерге арнайы жауаптылық барын ескергеніміз жөн.

Айта кететін жайт, 2018 жылы елімізде «Еңбек шартын жасанбағандар» атты республикалық акция жарияланғанын жұмыс берушілер мен жұмысшылардың назарына салғмыз келеді.

Осыған орай, Алматы қаласының мемлекеттік еңбек инспекциясы және қосп-қон басқармасының инспекторы

Нүрсұлтан ӨСКЕНБАЙ,
Алматы қаласы мемлекеттік еңбек инспекциясы және қосп-қон басқармасының инспекторы

Бөлім редакторлары: Рымтай САҒЫНБЕКОВА, Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ, Аида ҚАМБАРОВ, Бетпауы: Ериар ОРМАНОВ

TENGE MONITOR

Бас редактор АКА ТАЖИТОВ
Бас редакторының орынбасары — журналист Аманжол ШОПАН

«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдері:
Астана қаласында: Топыбай Әбдіраманов 8 701 345 79 38
Ақтөбе облысында: Жанғалы Қажыбаев 8 711 769 63 22
Мануыстау облысында: Бектр Тәуегалиев 8 (7292) 40-41-01
Қарағанды облысында: Батырбек Мырзабаев 8 (7102) 90-19-73

Қазіргі тәуелі мен бет қатпалуы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалды. Орфеттік басылған.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

АЛШАНОВ Раман
ӘБДИМАННОВ Сарсенали
ӘБШЕВ Әлі
ӘБЕКЖАЛЫ Жетісбай
ГҮЛӨЗСІН Серік
(Полтава)
ЕСПӨЛОВ Телеспек
ҚАЛИЕВ Ғани
НҮРСЕЙІТ Айтқали
САҒАДИЕВ Кенжеғали
САЛПАБЕКОВ Әбдіжапар
САТЫБАЛДИН Сағандық
СӘТІТОВ Серік
ТОПТЫЛОВ Әбдісәліт
ТЕМІРБЕКОВ Нұржан
ХАМИН Жанпейір

Талпырыс: 1224.
Талпырыс: 5000.

Газет аталысына 1 рет шайтасы.
Газет «Дүбір» РТББ ЖШС-нда басылды.
Алматы қаласы, Ш.Қардақов көшесі, 17/1.
Тел.: 273-12-04.

Мекен-жайы:

050013, Алматы қаласы,
Жетісу ауданы,
175/2 кәсіп,
203-Бөлме (Төлеулер)
Тел.: 273-07-04

219-Бөлме (Бас редактор)
Тел.: 267-36-94
Факс: 272-86-11

E-mail: kazzkazetika@mail.ru
www.kazzkazetika.kz
Назарбаевтің жеке сайты
Рымтай САҒЫНБЕКОВА

*Tenge monitor газетіне жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-не тиесілі, редакция жауапты емес. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қазқарсынан білдіріледі.